

✓ Денсаулық

✓ Зорорье

✓ Health

ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ

эпидемиологиялық
жағдайы тұрақты

2019 жылдың басынан бері Ақтөбе қаласы бойынша туберкулездің эпидемиологиялық жағдайы тұрақты. Тұрғындар арасында туберкулез аурушандығының көрсеткіші өткен жылдың сәйкес уақытымен салыстырғанда 50,6-ға төмендеген. Балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулез аурушандығының көрсеткіші бір деңгейде болып, көрсеткіш 2,1-ді құрады.

Туберкулез – жұқпалы ауру. Инфекция көзі науқас адам болып табылады. Жұғу жолы ауа – тамшылы, науқас адам жөтелгенде, түшкіргенде, күлгенде, сөйлегенде туберкулез қоздырғышы сау адамның тыныс жолдары мен өкпесіне түсіп, ауру туғырады.

Туберкулез ауруы ұзақ уақытқа созылған жөтел, асқа табеттің төмендеуі, салмақ жоғалту, жалпы әлсіздік, шаршағыштық, қатты тершендік, әсіресе түнгі мезгілде, жұмысқа деген қабілетінің төмендеуі, дене қызуының көтерілуі және кеуде қуысының ауруы сияқты шағымдардан басталады.

Тұрғындар арасында туберкулез ауруын ерте анықтаудың жолы флюорографиялық (немесе рентгенографиялық) тексеру болып табылады. Жыл сайын жүйелі түрде флюорографиялық тексеруден тексеруден өту арқылы дертті уақытылы анықтап, туысқандарыңыздың және айналадағы адамдардың ауруға шалдығуының алдын алуға болады.

Балалар арасында туберкулез ауруын ерте анықтау Манту сынамасын қою арқылы жүргізіледі. Манту сынамасы – ол екле (прививка) емес, ерекше диагностикалық тест.

Сонымен қатар, туберкулез ауруының алдын алу үшін босану үйлерінде барлық дені сау жаңа туған нәрестелерге алғашқы төрт күн ішінде егу кабинетінде вакцинация жүргізіледі. Одан әрі 6-7 жасында БЦЖ екпесімен қайта егілуге жатады. БЦЖ екпесін алмаған бала, туберкулезге шалдыққан науқаспен байланысқан кезде туберкулезді тез жұқтыру қаупі жоғары болады.

Туберкулезбен ауырған адам өздігімен емделмей, дер кезінде дәрігерге қаралып, дәрігер тағайындаған емді бұлжытпай қабылдаған жағдайда толық айығады. Емін бұзған жағдайда аурудың қайталану жағдайы және туберкулездің көп дәріге төзімді түрлерінің пайда болу қаупі туындайды.

Жылына бір рет флюорографиялық тексеруден өту, балаларға Манту сынамасын қою, БЦЖ екпесін алу, салауатты өмір салтын ұстану, тиімді тамақтану (керекті мөлшерде тамаққа ет, сүт тағамдарын, балық, дәнді дақыл өнімдерін, көкөністер мен жемістерді пайдалану), дене шынықтыру белсенділігін арттыру, уақытында тынығу, қоршаған орта тазалығын сақтау, темекі шегуден, ішімдік ішуден, есірткі қолданудан бас тарту, ошақтағы балалар мен жасөспірімдерді санаторлық типтегі мекемелерде, шипажайларда сауықтыру туберкулез ауруының алдын алады.

Страница подготовлена
Анжерке Ұлмекен Мөлден

Ақтөбе қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас маманы

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады
Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-ы

Ректор
Бауыржан Ердембеков

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы (ағылшын тілі)
Ақбота Орманбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

Е-mail:
gazetaZHU@mail.ru
Сайт: www.arsu.kz

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана

№6 (438)
28 маусым
2019 жыл

Zhubanov University

Облыстық
ақпараттық-
танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ:

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ — АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ



Осы санда



New heading

ТАРИХПЕН ТӘРБИЕ
ВОСПИТАНИЕ
ИСТОРИЕЙ
EDUCATION
BY HISTORU

10-11 66



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАТЫНАС —
МАҢЫЗДЫ ТРЕНД

12-13 66

ЛАТЫН
ГРАФИКАСЫНА
НЕГІЗДЕЛГЕН
ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІ
МЕН ЖАЗУЫН
ҮЙРЕТУ САБАҚТАРЫ

14-15 66

4-6 66

Газет университеттің «Жұбанов» баспасында басылды

Айдың айшықты жаңалықтары

Главные новости месяца

ЕЛ ТАРИХЫНАДАҒЫ ЕКІНШІ
ПРЕЗИДЕНТ ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСТІ

Елордадағы Тәуелсіздік сарайында жаңадан сайланған мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты ұлықтау рәсімі өтті. Ол ел тарихындағы екінші президент. Еске сала кетсек, биыл 19 наурызда Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев өкілеттігін тоқтатқан соң, Конституцияға сәйкес сол кезде сенат төрағасы болған Қасым-Жомарт Тоқаев президент лауазымын иеленді. Ал 9 сәуірде кезектен тыс президент сайлауы болатыны жарияланды. 9 маусымда Қазақстанда кезектен тыс президент сайлауы өтті. Ел тарихындағы екінші президентті сайлауға дауыс берушілердің 77,5 проценті қатысты. Осы жолы саяси додаға жеті кандидат түсті. Қасым-Жомарт Тоқаев сайлаушылардың басым бөлігінің сеніміне ие болды. Екінші орынға «Ұлт тағдыры» қозғалысы атынан сайлауға түскен Әміржан Қосанов, ал үшінші орынға «Ақ жол» демократиялық партиясының кандидаты, жалғыз әйел үміткер Дания Еспаева жайғасты.

Тоқаевқа ең көп дауысты Алматы облысының, ал ең аз дауысты Маңғыстау облысының тұрғындары берген.

ВТОРОЙ ПРЕЗИДЕНТ
В ИСТОРИИ СТРАНЫ
ПРИСТУПИЛ К ПОЛНОМОЧИЯМ

Церемония инаугурации новоизбранного президента Касым-Жомарта Токаева прошла во Дворце независимости столицы. Это второй президент в истории Казахстана. Напомним, 19 марта 2019 года Первый Президент, Елбасы Нурсултан Назарбаев объявил об отставке, передав полномочия согласно Конституции председателю Сената Парламента Касым-Жомарту Токаеву. 9 апреля стало известно о проведении внеочередных выборов, которые состоялись ровно через 2 месяца- 9 июня. 7 кандидатов боролись за пост руководителя страны. В выборах второго президента участвовало 77,5 % казахстанцев, большая половина которых отдали свой голос за Касым-Жомарта Токаева. На второй позиции - кандидат от движения «Ұлт тағдыры» Амиржан Косанов, а на третьем месте оказалась единственная женщина-кандидат, член демократической партии «Ақ жол» Дания Еспаева.

Большее число голосов за Токаева отдали жители Алматинской области, а наименьшее - Мангистауской области.

THE SECOND PRESIDENT IN
THE HISTORY OF THE COUNTRY
PROCEEDED TO THE POWERS

The inauguration ceremony of the newly elected president Kassym-Zhomart Tokayev was held at the Palace of Independence of the capital. This is the second president in the history of Kazakhstan. Recall, on March 19, 2019, the First President, Elbasy Nursultan Nazarbayev announced his resignation, transferring powers under the Constitution to the Chairman of the Senate of the Parliament Kassym-Zhomart Tokarev. On April 9, it became known about the holding of extraordinary elections, which took place exactly 2 months later - June 9. 7 candidates fought for the post of head of the country. 77.5% of Kazakhs participated in the election of the second president, more than half of whom voted for Kasym-Zhomart Tokayev. Amirzhan Kosanov, the candidate from the "Ult tagdyn" movement, is in the second position, and the third place was the only female candidate, member of the Democratic Party "Ak Zhol", Dania Espaeva. The greater number of votes for Tokaev was given by residents of Almaty oblast, and the smallest - by Mangistau oblast.

ЕЛБАСЫ УАҚЫТ
КАПСУЛАСЫН САЛДЫ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Алматы қаласының Астана алаңында уақыт капсуласын салды. Символы ретінде ҚБТУ ғимаратының алдындағы сая-жолға тас композиция қойылды. Таста латын тілінде мынандай мәтін жазылған:

«Qazaqstan Respyblikasynyń Tuńǵysh Prezidenti – Elbasy N.Á. Nazarbaevtyń keleshek urpaqqa arnaǵan ǵaqyt kapsýlasý Qoıylǵan kúni - 21.06.2019 j. Ashylatyn kúni - 22.06.2049 j».

Ежелде сақ тайпаларында және түріктерде тас ақпарат тасушы киелі зат болып есептелген. Ол арқылы ұрпақтарға хабарлама қалдыруға болатын.

Мұндай шығармашылық шешім Елбасының елді басқарған 30 жылда әлемдік қауымдастықта құрметке ие болған тұлғалық мәнін айқындамақ.

Тұңғыш Президенттің жолдауы жазылған капсуланы болашақ ұрпақ 2049 жылы, 30 жылдан кейін ғана аша алады.

ELBASY LAID THE
CAPSULE OF TIME

The first President of Kazakhstan, Nursultan Nazarbayev, laid a time capsule on Astana Square in the city of Almaty. The composition in the form of a stone is located on the alley in front of the KBTU building. It contains the text in the Kazakh language in the Latin script: "Qazaqstan Respyblikasynyń Tuńǵysh Prezidenti - Elbasy N.Á. Nazarbaevtyń keleshek urpaqqa arnaǵan ǵaqyt kapsýlasý Qoıylǵan kúni - 06.21.201 j. Ashylatyn kúni - 06.22.2049 . "The tradition of transmitting messages to future generations through stones has existed since the time of the Saka civilization. Such a creative decision came in the year of the 30th anniversary of the administration of the state of Elbasy. The message of the First President will be opened in 2049, that is, in 30 years.

ЕЛБАСЫ ЗАЛОЖИЛ
КАПСУЛУ ВРЕМЕНИ

Первый Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев на площади Астана в городе Алматы заложил капсулу времени. Композиция в виде камня расположилась на аллее перед зданием КБТУ. На нем выбит текст на казахском языке в латинской графике:

«Qazaqstan Respyblikasynyń Tuńǵysh Prezidenti – Elbasy N.Á. Nazarbaevtyń keleshek urpaqqa arnaǵan ǵaqyt kapsýlasý Qoıylǵan kúni - 21.06.2019 j. Ashylatyn kúni - 22.06.2049 j».

Традиция передачи посланий последующим поколениям через камни существует еще

«ПАРАСАТ МЕКТЕБІ» КУРСТАРЫ

Қазақстан Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы еліміздің барлық өңірлерінде «Парасат мектебі» курстарын өткізуді бастады. Мақсаты — жемқорлыққа қарсы қарсылық көрсете алатын жаңа формациядағы жастар легін дайындау. Курсқа тыңдаушы ретінде екінші және үшінші курс студенттері қатыса алады. Жуырда Жұбанов университетінің 21 студенті осы курсты ойдағыдай аяқтады. Олар курс барысында жемқорлықтың мемлекетке тигізер зияны жайлы теориялық білім ғана алып қойған жоқ, сонымен қатар түрлі практикалық кейстарды шешіп, дағдыланды. Курстар барысында студенттер мемлекеттік қызметшілердің этикасы, өзін-өзі ұстауы бағытындағы дәрістер алды. Курс қорытындысында тыңдаушыларға академия үлгісіндегі сертификаттар табыс-талды. Ескерте кетейік, курсқа тыңдаушылар іріктеліп алынады, олар алдымен жемқорлық тақырыбына эссе жазып, ой-қабілет деңгейлерін танытуы керек.

КУРСЫ «ШКОЛЫ ПАРАСАТ»

Во всех регионах страны стартовали курсы Школы «Парасат». Их организатор - Академия государственного управления при Президенте Казахстана. Целью обучения являлась подготовка молодого звена казахстанцев способных противостоять коррупции в новой формации. Набор на курсы проводят среди студентов второго и третьего курсов. Недавно 21 студент университета Жубанова успешно окончили Школу «Парасат». Они получили исчерпывающую теоретическую базу о вреде коррупции государству, а на практике решали кейсы, ситуационные задачи. Были также прослушаны лекции по этике и имиджу госслужащих. Всем слушателям по окончании курсов были выданы сертификаты академического образца. Отметим, что для прохождения курсов все участники пишут эссе и доказывают свой интеллектуальный уровень.

THE COURSES OF «PARASAT SCHOOL»

The courses of "Parasat" school started in all regions of our country. Their organizer is the Academy of Public Administration under the President of Kazakhstan. The aim of the courses was to prepare the young level of Kazakhstanis able to resist corruption in the new formation. Recruitment for courses is carried out among second and third year students. Recently, 21 students of Zhubanov University successfully graduated from "Parasat School". They received an exhaustive theoretical base about the harm of corruption to the state, and they solved cases and situational problems in practice. There were also lectures on ethics and the image of civil servants. All students at the end of the course were issued certificates of the academic sample. Note that to complete the courses, all participants write essays and prove their intellectual level.

Мағынасы көмескіленген қос сөздер дефис арқылы жазылады	kári-qurtań, kóılek-kónshek, anda-sanda, oqta-tekte, zym-zia, eski-qusqy, et-met.
Қосарланған болжалдық сан есімдер дефиспен жазылады	bir-eki, alty-jeti, úsh-tórt, otyz-qyryq, altaý-jeteý, bireý-ekeý.
Грамматикалық тұлғалармен келген қос сөздер дефис арқылы жазылады	týradan-týra, qoldy-qolyna, ózinen-ózi, qaraptan-qarap, bardy-joqty, azdy-kópti, tekten-tekke, qolma-qol, betpe-bet, kózbe-kóz; bilep-tóstep, kórgen-túigen, jyyp-shaıyp, qyryp-joıyp, jylap-eńirep, ósip-ónip.

Жазу барысында сандар мен сөз қосымшалары арасында да дефистің қойылу тәртібі бар. Сондықтан сан есімдерді жазу барысында олардың дефиспен байланысты жазылу емлесін де білуіміз керек. Сан есімдерді цифрмен таңбалау кезінде сөздің келесі қосымшасы немесе байланысып тұрған сөздің ерекшелігіне қарай дефистің қойылу тәртібін сақтап жазуымыз қажет.

Цифрға тіркесе қолданылатын түрлі таңбалардан кейін жалғанатын қосымшалар дефис арқылы жазылады. Мұндай таңбалар көбіне жаратылыстану ғылымдарына байланысты еңбектерде жиі кездеседі.

Цифрға тіркелетін % (процент), С (Цельсий) таңбаларынан кейін жалғанатын қосымшалар дефис арқылы жазылады	50 %-ke, 60 %-ten, 100 C-den tómén.
---	-------------------------------------

Күшейткіш буынмен келетін сөздер мен кейбір шылау сөздердің дефиспен жазылуы туралы.

Күшейткіш буынмен келетін сөздер дефиспен жазылады	ap-anyq, qyp-qyzył, sap-sary, jar-jaqsy, súp-súıkimdi, quba-qur.
--	--

Бірақ күшейткіш буынмен келетін кейбір сөздер дефиссіз бірігіп жазылады: арпақ, көкпеңбек.

-ақ, -ай, -у -ды, -ді, -мыс, -міс, -тің, -тұғын шылаулары дефис арқылы жазылады	sen-aq, shamaly-aq, kelmeidi-aý, ádemisin-ai, aitqan-dy, barypty-mys, kelipti-mis, kóretin-di; erek-tin, bar-tuǵyn, joq-tuǵyn.
---	--

Басқа тілден келген кірме негіздер, қысқарған сөздер мен сандардың төл және шет тілінен енген сөздермен қосарланған атаулармен келетін сөздер дефис арқылы жазылады.

Кірме негіздер, аббревиатуралар мен сандардың төл және шет тілінен енген сөздермен қосарланған атаулары, сондай-ақ үеб, екс сөзалды сыңарларымен келетін сөздер дефис арқылы жазылады	brein-ring, kofe-breik, market-meiker, shoý-biznes, tok-shoý, blis-saýal, feis-baqylaý, art-kafe, pop-mýzyka; MP4-plerleri, USB-tasymaldaýshy, SD-karta; VIP-palata, IT-mamandar, PR-menejer.
---	---

Күрделі атаулардан қысқарған сөзге қосымшалардың дефис арқылы жалғануы туралы.

Қысқарған сөзге қосымшалар де-фис арқылы жалғанады	AAQ-nyń, QazUPÝ-ǵa, TMD-ǵa
--	----------------------------

Тапсырма: Берілген тапсырманы орындап, сөздің жазылу емлесіне назар аударып, әріпті көруге, тануға және оқу шапшаңдығын арттыруға машықтанып, мәнерлеп оқыңыз:

Төменде берілген сан есімдердің жазылуы туралы қысқа жауап беріңіз: дефис арқылы // дефис арқылы емес	иә	жоқ
---	----	-----

Араб цифрымен берілген санға қосымшаның жалғануы		
Реттік сан есім цифрмен жазылғанда қосымшаның жалғануы		
Есептік сан есім мен зат есім тіркескендегі жазылуы		
Рим цифрмен жазылған сан есімнен кейін...		
Күн, ай, жылдың ретін білдіретін реттік сан есімнен кейін ...		
Цифрмен жазылған сан есімнен кейін жалғанатын (даған/деген, лаған/леген, таған/теген) қосымшалар...		
Цифрмен жазылған сан есімнен кейін көптік, септік, тәуелділік, жіктік жалғаулары...		
Қосарланып жазылған сан есімнен кейін жалғанатын қосымшалар		
Бөлшектік сан есімдердің сөзбен жазылуы		
Топтау сан есімдердің жазылуы		

Тапсырма: Берілген мысалдарды оқып, латын әріптеріне аударып жазып, олардың жазылу емлесін меңгеріп, әріпті көру, тануға және оқу шапшаңдығын арттыруға машықтанып, мәнерлеп оқыңыз:

Сөз табына қатысты дефистің қолданылуы туралы мысалдар	
Зат есімнің жазылуы	Әке-шеше, ата-ана, бала-шаға, құда-құдағи.
Сын есімдердің жазылуы	Алыс-жақын, ірілі-ұсақты, қап-қара.
Сан есімдердің жазылуы	Екі-үш, бес-бестен, 30-дан, 50-ге.
Үстеулердің жазылуы	Тұс-тұстан, алды-арты, олай-бұлай.
Еліктеу сөздердің жазылуы	Тарс-тұрс, пыр-пыр, алақ-жулақ, жалт-жулт.
Демеулік шылаулардың жазылуы	Қалқам-ай, қарағым-ау, жақ-сы-ақ, айтыпты-мыс.
Одағай сөздердің жазылуы	Өттеген-ай, ойпыр-ай, пай-пай, айтқан-ау.

Тапсырма: Берілген мәтіннің жазылу емлесіне назар аударып, әріпті көру, тануға және оқу шапшаңдығын арттыруға машықтанып, мәнерлеп оқыңыз.

Qazaq – qonaqjaı halyq

Qazaq – ejelden qonaq dese ishken asyn jerge qoiatyn halyq. Úı iesi buryn tanysyn-tanymasyn, “Qudary qonaqpyn” dese boldy, ony jyly shyraimen qarsy alyp otyrǵan. Jol júrip kele jatqan jolaýshy adam “bólinbegen enshim bar” dep, jolshybaı aýyldyń kez kelgen úiine túsip, qonaq bola bergen. Onyń ústine qazaqta “qyruqtyń biri qydyr”, “qonaqty qysaı – qut, uryısyń qashady”, “qonaqpen erip qut, uryı keledi” degen mátelder bar. Sondyqtan halqymyz qonaqty qarsy alý, shyǵarypsalýǵa erekshe mán bergen. Qonaqty úı iesi qarsy alyp, esikti ózi ashyp, úige engizip, soıynan ózi kirip, esikti jabady. Bul – qonaqpen erip kelgen “qut”, “uryı” birge kirsın degeni. Kelgen qonaqtarmen jón surasqannan keiin úı iesi qonaǵyna eń jaqsy tamaqtaryn berip, rıza etýge tyrysady. Eń aldymen qonaqtarǵa qymyz, shubat sıaqty sýsyndar berilip, odan keiin dámdilep shai men babymen pisirilgen et asyp bergen. Qonaqtardyń kóńildi otyrýy úshin úı iesi bar jaǵdaıdy jasap, áńgime-dúken quryp, ánshe-kúshilerdi shaqyryp, olardyń ónerin tamashalaýǵa uqylas bildirip otyratyn bolǵan. Úı iesiniń balalary da aıaǵynan tik turyp qonaqqa qyzmet etken.

Qazaq kúty – halqymyzdyń eń jaýapty isteriniń biri.

Жаңа емпе

Новый алфавит

New alphabet

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІ МЕН ЖАЗУЫН ҮЙРЕТУ САБАҚТАРЫ



«Әлемдегі ақпараттың
90 пайызы латын графикасында
жарық көреді.
Ал ақпаратқа кім иелік етсе, ғылым
мен технологияға да сол ие болады».

Мемлекет басшысы
Қасым –Жомарт Тоқаев

Сабақты жүргізуші: Нұрбол САДУАҚАС,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент

6 – САБАҚ

ДЕФИСПЕН ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР ЕМЛЕСІ

Дефис – латын тілінен алынған (divisio) айыру, бөлу деген мағынадағы сөз, ал жазуда күрделі сөздердің сыңарларын байланыстыру үшін немесе тасымал жасауға қолданылатын қысқа сызық. Күрделі сөз – дегеніміз екі я одан да көп жалаң немесе туынды түбірлерден құралып, мағыналық, грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып қалыптасқан құрама сөз. Күрделі сөз қатарына кіретін тұлғалардың бірі – қос сөздер. Түбір сөздің қосарланып айтылуынан жасалған күрделі сөздің түрін – қос сөздер деп атаймыз. Олар бір сөзді қайталау, я оның бір буынын қабаттау немесе екі сөзді бірге қосақтау арқылы жасалады. Сондықтан қос сөздердің арасына дефис (кішкене сызықша) қойып жазамыз. Дефис арқылы жазылатын сөздер қатарында ең алдымен қос сөздерді атаймыз. Дефиспен жазылатын қос сөздердің

түрлері көп. Қарсы мәндегі сөздердің қатар келуі (ертелі-кеш, жақсылы-жаманды, күн-түн), екі сыңары да мағыналы (мал-жан, ат-арба, ата-ана), бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз (киім-кешек, бала-шаға, келін-кепшек), қосыну мағынада (жігіт-мігіт, ат-мат), күшейткіш буынмен (дүп-дұрыс, тап-таза, сүп-сүйкімді), араларына да, де, та, те шылауларын салып (уда-шу, ұрда-жық, келде-кет), екі сыңары да түсініксіз (үбірлі-шүбірлі, апақ-сапақ, жым-жылас), плеоназм(мағынасы жуық сөздер) қатар келуі(ел-жұрт, дау-жанжал, ен-таңба күш-қайрат), екі сөзден тұратын атаулар (премьер-министр, тілші-фонетист, әнші-композитор) күрделі өлшем атаулары (тонна-километр, килловат-сағат), т.б. жағдайларда дефис қойылады.

Қайталама қос сөздер дефис арқылы жазылады	lek-lek, alʔan-alʔan, jüre-jüre, kóre-kóre, sólei-sólei, biik-biik, kóp-kóp, qaita-qaita.
Қосарланған еліктеуіш сөздер дефис арқылы жазылады	satyr-sutyr, shart-shurt, sart-surt, tars-turs.
Қосарланған бейнелеуіш сөздер дефис арқылы жазылады	Jalt-jult, jaltañ- jultañ, qarañ-qurañ, sereñ- sereñ, qalt-qult.
Көңіл-күй, шақыру одағайлары дефис арқылы жазылады	Qap-qap, oi-oi, tý-tý, pah-pah, shek-shek, qyraʔ-qyraʔ.
Сыңарлары өзара мағыналас және қарама-қарсы, жиынтық және жалпылама мәндегі қос сөздер дефис арқылы жазылады	syi-qurmet, úgit-nasihāt, oi-óris, ydys-aiʔaq, telegei-teñiz, salt-dástúr, el-jurt, kúsh-qairat, shtrih-kod, oqý-jattyǵy, úlken-kishi, kári-jas, ashshy-tushshy, joǵary-tómen, kóshi-qon, aitty-aitpady, kelimdi-ketimdi,

Top news of the month

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

Елімізде маусымның 20-30 аралығында грант бойынша білім алуға мүмкіндік беретін ҰБТ сынағы өтті. Бұған дейін белгілі болғандай, биылдан бастап бітірушілер ЖОО-ға ақылы негізде түсу үшін ҰБТ-ны жылына 4 рет (қаңтар, наурыз, маусым, тамыз айларында) тапсыра алады. Маусымдағы сынаққа 117 242 адам өтініш берген. Оның 96 мыңнан астамы осы жылы мектеп бітірген түлектер. Ал қалған 20 мыңнан астамы колледждер мен шетелдік білім мекемелерін тәмамдағандар.

Маусым айындағы сынақтың бірінші күні білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов талапкерлерге келіп, қолдау көрсетіп, оларға сәттілік тіледі. Еліміздің бас ұстазы ҰБТ сынақтарын ұйымдастыру жұмысына он жылдан бері араласып келе жатқанын, осы уақыт аралығында талапкерлер бойында өз білім деңгейіне деген сенімділік артқанын айтып өтті.

2019 жылы ҰБТ мен кешенді тест біріктірілді. Дегенмен әр санаттағы талапкерлер топқа бөлінеді және сынақты бір күнде тапсырмайды. Тағы бір жаңалық — мамандық емес, білім беру тобы таңдалатындығында. Сондай-ақ 2017-2018 оқу жылында жоғары оқу орнына түсу сынағы мектеп бітіру емтихандарынан ажыратылды. Енді ҰБТ-ның мектеп бітіру сынағына қатысы жоқ. Тест нәтижесі мектеп рейтингіне әсер етпейді.

Биыл елімізде бакалавриатқа 53 785, магистратураға 13 мың, докторантураға 2312 білім гранты бөлініп отыр.

МИНИСТР ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ ПОЖЕЛАЛ УДАЧИ ВЫПУСКНИКАМ ШКОЛ НА ЕНТ

С 20 по 30 июня в стране прошло Единое национальное тестирование, итоги которого определяют списки обладателей грантов высшее образование. Прежде стало известно, что в этом год для поступления в ВУЗ на платной основе абитуриент может сдавать тест 4 раза - в январе, марте, июне и августе. На июньский экзамен было подано 117 242 заявок, 96% которых от выпускников нынешнего учебного года. Оставшиеся 20 тысяч - выпускники колледжей и зарубежных учебных заведений.

В первый день ЕНТ министр образования и науки Асхат Аймағамбетов посетил тест-центры и пожелал удачи всем претендентам на государственный грант. Главный педагог страны отметил, что вовлечён в работу по проведению тестирования уже в течение 10 лет. За это время он заметил для себя уверенность тестируемых в своих знаниях.

В 2019 году ЕНТ и КТ были объединены в один. Все же есть различия в заданиях и днях сдачи экзамена. Ещё одна особенность - выбирается не специальность, а образовательная группа. Также в 2017-2018 учебном году выпускные школьные экзамены и на поступление в ВУЗ были разделены. Результат тестирования не влияет на рейтинг школы.

В этом году по республике выделено образовательных грантов для бакалавриата - 53 785, магистратуры - 13 тысячи, докторантуры - 2312.

MINISTER OF EDUCATION AND SCIENCE WISHED GOOD LUCK TO GRADUATES OF SCHOOLS ON THE UNT

From June 20 to June 30, the Unified National Testing was held in the country, the results of which will determine the list of owners for free higher education. First it became known that this year an applicant can take the test 4 times for entering a university on a paid basis - in January, March, June and August. 117,242 applications were submitted for the June exam, 96% of which were from graduates of the current academic year. The remaining 20 thousand are graduates of colleges and foreign educational institutions. On the first day of the UNT, the Minister of Education and Science Askhat Aimagambetov visited the test centers and wished good luck to all applicants for the state grant. The main teacher of the country noted that he had been involved in testing work for 10 years already. During this time, he noticed for he the confidence of those tested in his knowledge. In 2019, the UNT and CT were merged into one. Yet there are differences in the tasks and days of the exam. Another feature is not the specialty, but the educational groups. Also in the 2017-2018 school years, the final school exams and for admission to the university were divided. The test result does not affect the rating of the school. This year in the republic educational grants were allocated for bachelor degree - 53,785, magistracies - 13 thousand, doctoral programs - 2312.

ЖҰБАНОВТАН АБАЙҒА ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ

Он күн ішінде экспедиция мүшелері Ақтөбе-Нұр-Сұлтан-Павлодар-Семей-Жидебай-Қарағанды-Баянауыл-Қарқаралы бағытында киелі жерлерді аралады. Экспедиция қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылды. Бастаманы көтерген Жұбанов университетінің ректоры, профессор, абайтанушы Бауыржан Ердембеков: «Бұл идея түбірі марқұм, Ақтөбе педагогикалық институтының ректоры болған Мұхтар Арынға тиесілі. Ол жолда кенеттен қайтыс болып, экспедиция жұмысы тоқтаған екен. Одан бері де ширек ғасырға жуық уақыт өтіп кетті,-дейді. Сонымен қатар биыл іргелі оқу орнына 85 жыл толмақ. Экспедиция құрамына енген ғалымдар мен жас зерттеушілер «Абай-Шәкәрім» мемориалдық кешенінде болды, онда ұлы ақынның үйі, қолданған заттары, ең алғашқы болып салдырған жасанды тісі, бәрі сол күйінде сақталған. «Шәкәрімнің саят қорасы» музейі ішінде ат әбзелдері, жабайы аң терілері, шежіре мен танымдық материалдар, сол заманның

смерти работа экспедиции была приостановлена. С тех пор прошло четверть века, - сказал ректор Б.Ердембеков. Участники экспедиции побывали в мемориальном комплексе «Абай-Шәкәрім», ознакомились с уникальными экспонатами в доме ақына, сохранившимися в первоначальном виде. А в музее «Шәкәрімнің саят қорасы» выставлены предметы быта, конные снаряжения. В Семее ознакомились с архитектурой мечети Тыныбай, мечети-медресе Ахмета Риза и вратами Ямышевской крепости, в Каркаралинске - посетили мечеть Кунанбая, пещеру Мадии, совершили прогулку вдоль реки Шайтан и по Каркаралинским горам. Посетили и дом-музей Мухтара Аuezова, давший известность имени Абая на мировой арене. Члены экспедиции уверены, что собранные ими уникальные данные послужат импульсом к новым научным исследованиям.

RESEARCH EXPEDITION FROM ZHUBANOV TO ABAI

During 10 expeditionary days, its members visited historical, tourist and holy places in the directions of Aktobe-Nur-Sultan-Pavlodar-Semey-Zhidebay-Karaganda-



тұрмыстық заттары тұр. Семейде Тінібай мешіті, Ахмет Риза мешіт-медресесі мен Ямышев қақпасын тамашалап, Қарқаралыда Құнанбай салдырған мешітке кіріп, Мадии үңгірі және Қарқаралының Шайтан көлі мен тауларын аралады. Абайды әлемге танытқан жазушы Мұхтар Әуезовтің музей-үйіне де бас сұқты. Экспедиция мүшелері оның барысында алған жағымды әсерлері, түйген ойлары алдағы ғылыми ізденістеріне тың серпін бергенін айтады.

НАУЧНО- ПОЗНАВАТЕЛЬНАЯ ЭКСПЕДИЦИЯ ОТ ЖУБАНОВА К АБАЮ

В течение 10 экспедиционных дней ее члены посетили исторические, туристические и святые места в направлении Актобе-Нур-Сұлтан-Павлодар-Семей-Жидебай-Караганда-Баянауыл-Каркаралинск. Экспедиция была организована к 175-летию великого казахского акына Абая Кунанбаева и 85-летию АРГУ им.К.Жубанова. Инициатором идеи стал руководитель университета Жубанова, профессор, абаевед Бауыржан Ердембеков. «В корне мы воплотили идею ныне покойного ректора Актобинского педагогического института Мухтара Арына. После его скоропостижной

Bayanaul-Karkaralinsk. The expedition was organized for the 175th anniversary of the great Kazakh akyn Abai Kunanbayev and the 85th anniversary of ARSU named after K. Zhubanov. The initiator of the idea was the head of the university, professor, Bauyrzhan Yerdembekov.

“We have radically embodied the idea of the late rector of Aktobe Pedagogical Institute Mukhtar Aryn. After his sudden death the work of the expedition was stopped. A quarter of a century has passed since then” said the rector B.Yerdembekov. The expedition members visited the “Abai-Shakarim” memorial complex and got acquainted with the unique exhibits in the akyn’s house, which remained in its original form. And in the museum “Shakarymyn sayat korasy” there are objects of everyday life, equestrian equipment. In Semey, they familiarized themselves with the architecture of Tynybay Mosque, Ahmet Riza madrasa mosque and the gate of the Yamyshevskoy fortress, and in Karkaraly, they visited Kunanbay Mosque, Madi Cave, and took a walk along the Shaitan River and the Karkaraly Mountains. They also visited the house-museum of Mukhtar Auezov, who made Abai famous on the world stage. The members of the expedition are confident that the unique data collected by them will serve as an impetus for new scientific research.

✓ **Ау ақамы**

✓ **Человек месяца**

✓ **Person of the month**

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Жұбанов университетінде 2018-2019 оқу жылы абыройлы аяқталды. Оң нәтижелер, жұлдызды сәттер көп болды. Назарларыңызға – университет ректоры, профессор Бауыржан Ердембековтің жыл қорытындысына қатысты негізгі ойлары мен тұжырымдары. Жазып алған Гүлнара Дауылбайқызы.

Оқу жылының абыройы

Заман ырғағына ілесіп, көштен қалмау үшін жүйелі, тиянақты жұмыстар жасалып жатыр. Бірнеше бағытты қатар алып келе жатқан алып кемелер қайраңға тұрып қалып, кішкентай желкенді қайықтардың желдей есетін заманы келді. Жоғары оқу орындары дербестікке көшуде. Өз білім траекторияларын жасақтауда, жеке диплом беру мәселесі де қарастырылуда. Құдай-берген Жұбановтай ұлы тұлғаның атындағы біздің білім шаңырағымыздың 85 жылдық тарихы бар. Іргетасы сонау 1935 жылы қаланған оқу орнында бүгінде 13 мың студент оқиды. Өрине, білім беру саласындағы бай тәжірибемізге, мамандық санының көптігі мен студенттеріміздің саны жыл сайын артып жатқанына масаттанып, арқаны кеңге салуға болмайды. Қазір құрылғандарына 20-30 жыл болған университеттер өзіндік білім платформаларын нығайтып, алға ұмтылуда. Бүгінгі қол жеткен жетістігіміз келешектің келілі бола алмайды. Сондықтан осы оқу жылына «Сапа жылы» деп атап, сол бағытта күш-жігер жұмсадық, АРТА (Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі) рейтингісінде жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ең үздік 20 ЖОО арасында 4-ші орынға шықтық, былтыр 7-ші орында едік. Тағы бір үлкен жетістікті спортшыларымыз сыйлады. Жақында аяқталу рәсімі өткен студенттердің Х жазғы Универсиадасында Жұбанов университеті командалық есепте II орынды иеленіп, республика бойынша спорттық дәрежесі үздік университеттердің үштігіне енді.

Кәсіби бағдар бір жапырақ жарнама қағазы емес

Өлі күнге дейін кәсіби бағдар беруді жалаң үгіттеумен шатастырып жүрміз. Бір жапырақ жарнама қағазын таратып, «Бізге оқуға келіңіздер!» деу көшегі күнді елестетеді. Бүгінгі кәсіби бағдар беру – мектеппен жан-жақты жүйелі байланыс,

тек мектептің бітіруші түлегіне ғана емес, 8-9 класс оқушыларының мамандық таңдауына бағыт беру. Оқушының ата-анасымен, класс жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен кешенді жұмыс жүргізу. Біз осыған қол жеткіздік. Нәтижесінде 5318 талапкер Жұбанов университетін таңдады. Осылайша 2017 жылы бізде он мыңнан астам студент білім алса, бүгінде олардың саны он үш мыңнан асты.

Өрине, оқуға құжат тапсырып тұрып, қай мамандықты таңдарын білмей қиналатын жастар әлі де бар. Өмірлік шешім қабылдау оңай емес. Сондықтан жас түлектің болашағына бей-жай қарауға болмайды. Бұл ретте жоғарыда айтқан жұмыстарды жалғастыра береміз.

ЖОО тартымдылығының негізі — қос дипломды және дуалды білім беру мүмкіндіктері, аралас және жаңа білім беру бағдарламалары, университет бітірген маманның еңбек нарығында сұранысқа иелігі. Біздің универсианттардың 50%-ы тегін білім алушылар. Яғни түрлі грант иегерлері, білімпаз жастар. Олар ҚР БҒМ білім грантының, университеттің атаулы гранттарының, облыс әкімі грантының және әртүрлі өндірістік кәсіпорындар гранттарының иегерлері. Араларында «Серпін» жобасы аясында Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Алматы қалаларынан келген студенттер бар. Тегін оқитын студенттер қатарын алыс және жақын шетелдерден (Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан және Моңғолия) келген 1000 студент толықтырып отыр. 2018 жылы осы шетелдік қандастарымыз үшін университетте «Ата Қоныс – Ақтөбе» жобасы басталып, жоба аясында оларға арнайы жөнелдіктер жасалды.

Ағылдағы оқу жылында университет базасында Жоғары колледж ашылды, онда 400-ге жуық студент оқиды, биыл олардың саны мыңға жетеді деп отырмыз. Өйткені мұнда жаңа, бүгінгі қоғамға қажетті мамандықтар ашылды. Осы орайда айта кеткім келетіні, өрине студент санының артуы – университет рейтингісін жоғарылатады, дегенмен біз саннан сапаға қарғидасын мықтап ұстануды ұйғардық. Алдымыздағы жаңа оқу

жылында білім алушылар (бакалавриат, магистрант, докторант) саны 16 мыңнан асуы мүмкін. Алайда, бізге олардың санынан гөрі сапасы, демек білімге деген құштарлығы мен жауапкершілігі, дұрыс тәрбиесі қажеттірек. Осыған сай емес, үлгерімі төмен, тәртібі нашар студентті қатарымызда ұстай алмаймыз. Демек, ондай студент оқудан шығарылады.

Тәрбиесіз білім – түл

Бас оқу ғимаратының маңдайшасына «Тәрбиесіз берілген білім, ол – адамзаттың қас жауы»,- деген ойшыл Өл-Фарабидың сөзі жазулы. Бұл біздің білім беру саласындағы миссиямыздан хабар береді деп ойлаймын. Ұлы Абайдың толық адам философиясын негізге ала отырып, тек маман дайындаумен шектелмей, жан-жақты тұлға қалыптастырып, тәрбиелеу – мақсатымыз.

Тәрбие бар жерде өтірік, өсек, басбұзар өктемдік, дарақылық пен өркөкіректік жер бауырлап қалады. Тіпті қазір қоғамда өршіп тұрған паракорлық та тәрбие мен тәртіптің жанында тұншығып, өшеді. Өз басым тәртіптің темірдей болғанын қалаймын. Темірдей дегенді қасаң түсінбеу керек, түрмедегідей емес, өрине. Мысалы, кешіккенге жаным қас. Өз басым еш жерге кешікпеймін. Кешігу – өзгенің уақытын ұрлау. Үш сағат кешігіп басталатын тойлардан кейін тойға көп барғым келмейді. Біздегі жиналыс, мерекелік іс-шара болсын бір минут кешіктірілмей, уақытында басталады. Кешігіп келіп, «қазақпыз ғой» дегендерге айтарым, жаман нәрсенің бәрін қазаққа жапсыра бергенді қою керек. Әдебиетші болғаннан кейін кемшілікті сүйектен өткізіп айтатын әдетім бар.

Әріптестер арасындағы алауыздық, ұжымда тіл табыса алмау мәселесіне төзбеймін. Қанша жерден өз ісінің профессионалы болғанмен, маңындағылармен тіл табыса алмаса, ұжымнан жеке басын жоғары қойса, онда жұмыс жүрмейді. Ашықтықты жақсы көремін. Адамдар жұмыс істей алатын, істеуге ұмтылатын немесе жұмыс істей алмайтын, құлықсыз болып бөлінеді. Ұжым үлкен. Бәрімен ортақ тіл табысуға тура келеді. Бірақ, біреуді сыртынан бағбаттайтын адамдар мен жұмыс істей алмаймын.

Педагогтік ұжымдағы темірдей тәртіп дегенде осыны айтып келіп

еді. Себебі, сырт көзге бірден байқалатын оқытушылар мен қызметкерлер арасындағы кикілжіңдер жастарға тәрбие нысаны бола алмайды. Бізге дейін үйінде әке-шешесінің тұлғалық қасиеттеріне еліктеп өскен жас жоғары оқу орнында ұстазына, осында еңбек ететін қызметкерлердің жүріс-тұрысына, ақыл-ой, адамгершілігіне қарап, өзін тәрбиелейді.

Таза ғылыммен айналысатын мамандар азайып барады

Жасыратын не бар, қазір жалпы елімізде ғылым тұралап тұр. Университетте таза ғылыммен айналысатын мамандар азайып барады. Кезінде ғылыми орталықтарды басқарған ғалымдардың дені зейнет жасында. Бар үмітті жастарға арту керек. Маманды сырттан шақырғанмен, оның тұрақтап қалуы екіталай. Докторантураға оқуға басқа қалаға баруға барлық жастардың жағдайы көтере бермейді. Осыны ескеріп, екі жыл ішінде магистратура бойынша 15, докторантура бойынша 5 жаңа мамандық аштық. Біздің ғылыми қоғамдастықтың соңғы жетістіктерінің бірі ретінде университет жанынан 6D060100-Математика, 6D060400-Физика мамандықтары бойынша екі диссертациялық кеңестің ашылуын айтуға болады, олардың құрамында университеттің 10 ғалымы бар. Осылайша жас ғалымдарымызды өзіміз дайындап жатырмыз. Республикалық деңгейде қаржыландырылатын жобалардың аздығын осы ретте айтпай кетуге болмайды.

Расында, Жұбанов университетінің аймақтық ғылымдағы үлесінің салмақтылығы – біз үшін зор мақтаныш. Себебі, негізгі ғылыми орталық бізде. Облыс ғалымдарының көпшілігі жоғары оқу орындарында, әсіресе біздің университетте шоғырланған. Олар дәстүрлі түрде іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулермен айналысады. ЖОО-ның ұзақ жыл бойғы даму тарихында физика, математика, филология, тарих, педагогика және т.б. ғылымдар саласында ғылыми бағыттар мен мектептер қалыптасты.

Көптеген профессорларымыздың ғылыми ізденістерінің нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми ортада лайықты бағаланып жүр.

✓ **International cooperation**



Біз де Юнус Эмре, Мәулана, Пір Сұлтан Абдал, Харахани Хазреттері, Кастамону ауданымызда Шейх Шабани Вели Хазреттері жерленген. Аталмыш қаншама маңызды тұлғалар туралы ортақ зерттеу жұмыстары жасалуы керек. Осындай зерттеулер арқылы екі ел халқына бұл құндылықтарымызды танытуымыз керек. Тек тіл емес, пікір және ойларымыздың да өте жақсы келісуіне үлес қосар едік. Абай жиырма бесінші қара сөзінде араб, парсы және түрік тілдерін үйрену мәселелерін қозғайды. Абай өзі түрік тілдерін және диалектілерін үйренген, сол тілдерде жазылған әдеби шығармаларды оқыған. ҚАхмет Яссауи шығармалары да араб тілінде емес, түрік тілінде жазылған. Осылайша оны ортақ түрік мәдениетінің ең маңызды тұлғаларының бірі ретінде танимыз.

Орыс тілін жақсы меңгеруіңіз – орны бөлек мүмкіндік. Себебі, орыс тілі және әдебиетінің маңызды шығармалары да осы себеппен біздің өлкемізге өте жақсы танытылуына себепші болады. Біз де сіздерге арабша және парсыша, тілін, ділін және әдебиетіндегі маңызды тұлғаларды және шығармаларын көбірек білуге, пайдалы болуына себепші боламыз.

ОРТАҚ ТАРИХ

Ортақ тарихтан өткеніміз біз үшін маңызды екінші мүмкіндік. Тарихын білмеген қауымдардың өткенінен сабақ алуы және жаңғыруы мүмкін емес. Себебі тарихымыз болашағымыздың айнасы, шырағы, жол көрсетуші картасы. Ұмытылуға жақын болған тарихымызды жаңадан жаңғырту, ортақ ғылыми жобаларды іске асыру өте маңызды. Сондықтан біздің Қазақстан тарихы туралы білмеген тұстарымызды, сіздің де біздің тарихымыз туралы білмеген мәселелерді білуімізге, бір-бірімізді жақынырақ тануымызға және тығыз байланысымызға себеп болады. Білім — әмбебап екенін ұмытпау керек. Ғылыми әріптестік үшін тек қана туыстық жақындық шарт емес. Бірақ, жақындық — ынталандырушы бір күш. Мұны мүмкіндікке айналдыру керек деп ойлаймын.

ге, ислам білімдерінің тарихын (білім тарихы) бізден басталғанын көрініс ретінде көрсетіп, білім және мәдениет тарихымыздың байлығына іргетас болуларына жағдай жасау керек. Осылайша Фараби, Бируни, Ибн Сина, Пири Рейс, Али Кушжу және көптеген ғалымдарымыздың ілімін танытып, тарихи негіздеріміздің өте маңызды екендігін анықтайды. Бұл маңызды тұлғалар медицина, ғарыш, математика, геометрия, философия және басқа да бірнеше салаларда адамзатқа қызмет еткендігін және бұл салаларда да ғылым мен технологияның ойлап тапқыштары болғандығын жастарға үйрету – адами борышымыз.

ОРТАҚ ДІН

Діндердің мақсаты, адамзатты дүние мен ақырғы заман үшін бақытқа ұластыру және өмір сүруді қалыпқа келтірулерінде әрқашан діни сезім және діни пікірлердің әсерін анықтай.

Бірақ өмір сүріп отырған ортадағы шапшаң ауысу және жандануға байланысты да зайырлылық жылдамдатылған. Діндер ортақ адамзат құндылықтары ретінде жаһандануға кіріккен. Жаһандану нәтижесінде бүгін жаһанданған күштер саясатта, экономикада, бұқаралық ақпарат құралдарында т.б. көптеген салаларда әлем бойынша құрған тәуелсіз құрылымды діни топтар арқылы жүзеге асыруға, өздері ойлап тапқан жобаларының негізінде дін атын жамылып өз саясаттарын жүргізуді мақсат етуде. Осылайша бұл салада да әлемді өз бақылауларына алуды қалайды.

Зайырлану экономикада, сауда-саттықта, саясатта болғаны сияқты дін саласында да адамзатқа зор әсер етуде. Жаһандану нәтижесінде адамдар діни сезім мен діни ойлауға мән бермегендіктен, дұрыс діни білім үйрену мүмкіндігін таба алмауда. Бұл жағдайда зияндақ діни ұйымдар өз арбауына түсіруде. Бірнеше дінің ішінен шыққан зиянкес діни ұйымдар әлем діндерінің жасай алмаған миссиясын қолданып, өз сенімдерін насихаттау арқылы үстемдік етуде. Ғасырлар бұрын Ахмет Яссауидің шәкірттері Анадолға келіп аталарымызға дұрыс ислам жолын үйреткен және бүгінге дейін мұсылман ретінде қалуымызға көп септігін тиізген.

Гарифолла Есімнің «Хакім Абай» кітабында жазылғандай, Абай Алланың ақылмен емес, көңілмен танылуы керектігін айтады. Абай: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, шыншыл сөз ешбір заман жалған болмас» дейді. Ислам философиясына мән бермей Абайдың әлемге көзқарасын талдау мүмкін емес. Сондықтан, студенттерге ислам философиясымен бірге Абайды жақсы оқытуымыз керек.

Сөзімнің соңында, білім — бір күш. Білімді ұстанған ұлттар әрқашан мықты. Ғылымда, әдебиетте, мәдениетте, тілде және дінде бір-бірімізден үйренеріміз көп. Бірге жасалатын ғылыми жұмыстар, симпозиумдар, ортақ басылымдар, зерттеу жұмыстары, оқытушы және студенттер алмасуы, ортақ диплом келісім-шарттары университеттеріміз арасындағы байланысты тағы да жақсарту түспек. Білім беру сапасын арттыра бермек.

Сөзімді Мәулананың өдемі сөзімен аяқтағым келеді:

«Бір тілде сөйлескен адамдар емес, бірдей көңілдерді бөліскен адамдар жақсы түсініседі».

Тілдер және көңілдер «бір» болсын деген тілекпен барлықтарыңызға құрметімді жолдаймын.

✓ **Халықаралық ынтымақтастық** ✓ **Международное сотрудничество**

Али Рафет Өзкан:

Теология және мәдениеттану ғылымдарының докторы, профессор, Кастамону Университеті (Түркия)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС — МАҢЫЗДЫ ТРЕНД

Түркиялық профессор (Кастамону университеті), теология және мәдениеттану ғылымдарының докторы Али Рафет Өзкан мырза Жұбанов университеті ұйымдастыруымен өткен (18-19 сәуір 2019 ж.) «Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін білім сапасымен қамтамасыз ету менеджменті» халықаралық форумына қатысып, түркі тілдес халықтардың тарихы мен мәдениетіндегі рухани және мәдени құндылықтардың ортақ негіздері мен тарихи сабақтастығы қарастырылған қазақ тілінде баяндама жасап, онда қазіргі жаһандану дәуірі кеңістігіндегі түркі тілдес халықтардың арасындағы мәдени және экономикалық байланыстың маңыздылығы, білім беру және ғылыми-зерттеу бағытындағы сабақтастық мәселелерін зерделеді.

Бүгінде әлем университеттері үшін ең үлкен трендтердің бірі — халықаралық қатынас және білім беру сапасын арттыру. Осы орайда серіктес университеттермен байланыс жасау арқылы, академиялық білім және ұтқырлықты тереңдете отырып, университеттердің ғылыми қызметтерінде де орын алуына жол ашуымыз керек. Бұл мақсат жолында қолданылатын екі басты стратегия: бренд, халықаралық үрдіс және бағдарға сай білім беру бағдарламаларын ұсыну.

Осы мақсатты негіздей отырып, Ақтөбе өңірлік мемлекеттік Қ. Жұбанов атындағы университеті мен Түркияның Кастамону университеті арасында осы жылдан бастап әріптестік байланысқа қол қойылды. Екі университет арасындағы әріптестік аясында Кастамону университетінде «Қазақ елі» мәдени орталығы ашылды. Жұбанов университетінің 21 студенті алмасу бағдарламасымен биыл Түркияда білім алды. Бұл мысал қос университет байланысының алғашқы баспалдағы ғана. Әлі де игі істердің куәсі боламыз деген сенімдемін. Түбі бір түркі халықтары болашағының бағдарын нұсқайтын ұрпақтарымызды ортақ тарих, мәдениет шырағында өсуіне мен беруіміз керек. Білім беру тарихына көз жүгіртсек түркі ғалымдарының зор үлесі бар. Алдымен университеттер арасындағы байланыс құрудың басты көздеген мақсаты екіжақты білім беру сапасын арттыру, тәжірибе алмасу.

Университеттер арасында білім беру сапасын арттыру үшін алдымызда көптеген мүмкіндіктер бар. Мұның алғашқы қадамы — академиялық ынтымақтастық. Біз мұны іске асырдық. Ынтымақтастықтың тұрақты болуына

ерекше мән беруіміз қажет мәселелер бар және оларды мүмкіндік ретінде қарастырсақ, жылдам нәтиже алатынымыз анық. Мен бұл мүмкіндіктерді төмендегідей қысқаша атап өткім келеді:

1. Ортақ тіл;
2. Ортақ тарих;
3. Ортақ мәдениет;
4. Ортақ дін.

ОРТАҚ ТІЛ

Ортақ бір тіл тобында болуымыз біз үшін сөзсіз үлкен мүмкіндік. Себебі мыңжылдық тарихымызды тілімізбен түсіндіріп, сақтаймыз. Бүгінде Түрік қоғамдастықтарының өмір сүріп жатқан территориясы ауқымды жер көлемін алып жатса да, тілдерімізде кейбір өзгешеліктер болса да бір бірімізді түсінеміз. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде жариялаған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында алғашқы іске асыру керек міндеттердің бірі - ана тілінің өлкедегі жағдайын жақсарту туралы айтылған. Бұл бағытта жұмыстар атқарылып жатыр және атқарыла бермек. Мысалы, «Серпін» бағдарламасы аясында Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне тек қана қазақша білетін жастарды мемлекеттің солтүстік өңіріндегі университеттерге орналастыру арқылы сол жердегі жастардың да ана тілдеріне жақындастыруды мақсат етуде. Бұл мақсат ете орынды. Сонымен қатар, басқа да түркі тілдес халықтарымен қазақ халқы арасындағы байланысты да жеңілдетеді. Тілмен бірге латын негізді әліпби бұл жақындасуды одан әрі жылдамдатады.

Ортақ әліпбиге ауысу бір-бірімізді түсінуіміз үшін өте маңызды бір қадам болады деп ой-

лаймын. Сан жылдар бойы түркі халықтары арасы ажырап қалғаны себебінен бір-біріміздегі үлкен әдебиетші, ақын және ойшылдарымыздың кімдер екендігін білмейміз. Бастапқы қадам ретінде қазақ және түрік әдебиетшілері, ақындары, ойшыл адамдары туралы ортақ зерттеулер жасау керек. Құндылықтарымызды тануымыз және оларды әлемге танытуымыз қажет. Сіздердегі маңызды тұлғалар - Жиренше шешен, Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев секілді зияткерлердің шығармалары, әл-Фараби сияқты білім адамдары Түркияда да аз да болса танылуда. Біздің мақсатымыз, аталмыш тұлғаларды кең ауқымда таныту. Қазақ халқының тәуелсіздігінің тұлғасы Махамбет Өтемісұлының өлеңдері университетіміздің профессоры Орхан Сөйлемез тарапынан аударылып, баспада жарияланды. Ақтөбенің тумасы, қазақтың белгілі ақыны Өтежан Нұрғалиев өлеңдері де аударылуда.

Жұбанов университетінің ректоры, құрметті Бауыржан Аманкелдіұлы Ердөбековтің «Абайтанушы ғалым» екенін білеміз. Біздің университетімізге келіп, «Абай және оның қара сөздеріндегі дін концептісін» түсіндірсе, студенттерге дәріс берсе, нұр үстіне нұр болар еді. Міржақып Дулатовтың «Оян қазақ» өлеңі тек қана сіздер үшін жазылмады. Бұл өлең біз үшін де жазылған. Мағжан жылдар бұрын бізге «Алыстағы бауырыма» яғни «Uzaktaki kardeşime» өлеңін жазды. Бұл шығарма да біздің жүрегіміздегі бауырластық сезімдеріміздің жаңғыруына түрткі болды. Бүгін біз оны жақсы танимыз. Ақынның «Түркістан» өлеңі тұтастай түркі дүниесі үшін жазылған.

Түркістан екі дүние есігі ғой, Түркістан Ер Түріктің бесігі ғой. Мағжан орындары айтқан, өйткені ұлы тұлға Қожа Ахмет Яссауидің туып-өскен және жерленген жері Яссы қаласы немесе бүгінгі атауымен — Түркістан барлығымыздың, яғни барша түркі халқының алтын бесігі. Яссауи хикметтері Түркияда жеткілікті танытылып және ілімі жастарға оқытылуда. Бұл — дүние әрі ақырет үшін де жол көрсетуші шығарма. Сіздер қандай бақыттысыздар! Үлкен ислам ғалымы сіздің өлкеңіз — Қазақстанда! Жоғарыда есімдерін атап кеткен тұлғалар арқылы қазақ халқының дін, діл, мәдениет, санат және ғылым саласында сондай мықты және бай болғандығын көреміз.



Мысалы, профессор Қ.Ш.Шүңкеевтің радиациялық физика мектебі тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар Эстония, Белоруссия, Польша секілді т.б. шет елдерде танымал. Бұл зертхананың жабдықталуы әлемдік стандарттардан кем түспейді, зертханада Назарбаев университетінің, Тарту мемлекеттік университетінің жас ғалымдары және т.б. өз зерттеулерін жүргізеді. Профессор Ж.А.Сартабановтың дифференциалды теңдеулерді шешудегі математиктер мектебі ерекше ықыласқа ие, белгілі қоғам қайраткері, ғалым А.Айталының әлеуметтану, дінтану, саясаттану бағытындағы ғылыми еңбектері өз өзектілігімен құнды. Сондай-ақ, этнолингвистика және топонимика, әдеби өлкетану бағыты, марқұм, профессор А.А.Калужный негізін қалаған педагогика мен психология мектебі, «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламалары аясында жаңа серпін алған тарихшылар-мыздың археологиялық ізденістерінің ғұмыры баянды.

Университет іргелі ғылыми зерттеулермен қатар, аймақтың қолданбалы міндеттерін шешуге де назар аударады. Ол үшін жаңадан құрылған «Инновациялық технологиялар паркі» зертханаларын қосымша жабдықтау жүріп жатыр, жабдықтар жаңалануда. Қазіргі уақытта, техникалық факультетте «Металлургия» кафедрасының ғалымдары «Қазхром» ТҰК» АҚ-мен университеттің меншігіндегі тікелей токты доғалы пешінде хром кенінің шаңын кәдеге жарату бойынша бірлескен жоба әзірлеуде. Кенді сынақтық балқыту осы жобаның тиімділігін көрсетті. Қазіргі таңда кафедра мен зауыт ғалымдары қосымша жабдықты баптап, облыс аумағын феррошаннан көшенді тазарту сынды жобаларды қолға алуда.

Аймақтың экологиялық мәселелерін шешу жөніндегі өзекті міндетті диатомит минералының көмегімен жүзеге асырумен физиктер, химиктер және экологтардан құрылған бірлескен команда айналысып жа-

тыр. Аталған материал белгілі бір жағдайларда ТКШ-ның көріздік қалдықтарын кәдеге жаратуға, яғни Ақтөбе қаласындағы жағымсыз иіспен күресуге байланысты мәселені шешуге көмектесе алады. Зертханалық сынақтар аяқталды, енді далалық зерттеулер мен коммерцияландыру деңгейіне көшу қажет.

Қолданбалы міндеттерді гуманитарлық сала ғалымдары «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, атап айтқанда қазақтардың діни-мемориалдық қолөнер ескерткіштері, табиғат, мәдениет ескерткіштері зерттеліп, перспективалы туристік бағыттарды енгізуде. Өңірде ішкі және халықаралық туризмді дамыту бойынша көшенді міндеттер шешілуде. Десек те, әлі де ғылыми ізденістер өрісін кеңейту керек. Болашақтың берік іргесі — ғылымда.

Кәсіпкерлік пен ғылым – екі бөлек, бірақ үйлестіре білу – уақыт талабы

ЖОО студентті мамандығына ғана емес, кәсіпкерлікке баулуы да қажет деген мәселелер көтеріліп жүр. Осы мәселеде назар аударғым келетіні, біз ғылым мен кәсіпкерлікті шатастырмауымыз керек. Қазір осыны бір дүние деп қарастырып жүргендер бар. Өрине, кәсіпкерлікті дамыту, «Start-up» жобаларының ғылыммен байланысы бар, бірақ екеуі екі бөлек нәрсе. Дегенмен екеуін үйлестіре білу бүгінгі уақыт талабы екенін мойындаймыз.

Ал енді, кәсіпкерлікке баулу деген бар да, онымен түбегейлі айналысу деген бар. Университет өндіріс орны емес, бірақ сол бастау көздерін үйрететін, баулитын орта. Сондықтан барлық дайындық бағыттары үшін «Кәсіпкерлік негіздері» пәні енгізілді. Осы жылы университет базасында «Start-up академиясы» ашылды, оның басты мақсаты — студенттер мен оқытушыларды кәсіпкерлік дағдыларға оқыту бо-

лып табылады. Мұнда бизнес-жобалар мен жас кәсіпкерлердің идеялары дамуда. «Start-up» жобалары жастар арасында кәсіпкерлікті дамытудың негізі болуы тиіс. Университетімізде алғашқы стартап-байқау 2017 жылдың желтоқсанында өтті. Ең қызықты «Start-up» жобалардың бірі «Ақылды балабақша» жобасы болды (жетекшісі — п.ғ.д., профессор Туребаева Клара Жаманбайқызы), ол қазір 100-ден астам бала баратын дербес «Зерек» балалар дамыту орталығына айналды. «Зеректің» балалары қазір жазғы лагерьде демалып жатыр.

Өткен жылы Ақтөбе облысы деңгейінде жастарды әлеуметтік-маңызды жұмыстарға тартуға бағытталған «Zhas project» байқауы өткізілді. Бізден 11 өтініш түсті, оның 6-уы жалпы сомасы 7 млн. теңгеге грант ұтып алды. Келешекте «Start-up» академиясы Ақтөбе облысының «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, Жұбанов университетінде ғана емес, Ақтөбе облысының «Рухани жаңғыру» дағдыларды дамытатын бизнес-жобаларды талқылау және іске асыру алаңына айналуынан үміттіміз.

Оқу ғимараттарына көрнекті тұлғалар есімдерін беру жалғасады

Жұбанов университеті шын мәніндегі рухани ортаға айналса деген ниеттеміз. Бұл ретте біздің университет базасында құрылған Ақтөбе облысының «Рухани жаңғыру» аймақтық кеңсесі үлкен әдістемелік көмек көрсетуде. Жоғары оқу орнының дамуы стратегиялық жоспарында біз аймақтың тарихи тұлғаларының ұмыт қалған есімдерін қайта жаңғырту мақсатында, алғаш болып ЖОО оқу ғимараттарына көрнекті тарихи тұлғалардың есімін беру мәселесін көтердік. Университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен бас оқу ғимаратына профессор Мұхтар Арынның, тарих факультетінің ғима-

ратына тарихшы, профессор Бекежан Сүлейменовтің, филология факультетінің ғимаратына халық ақыны Нұрпейіс Байғаниннің есімдері берілді.

Осы жылы іске асырылған жобаның бірі — жаңғырылған Жастар сарайы, мұнда фортепиано, хор өнері, хореография залы, баян және домбыра кластары, кинозал, «Атриум» көрме залы және «Мәңгілік ел» конференц-залы бар. Эндаумент қорының (меценаттардың демеушілік көмегі) арқасында жалпы сомасы 25 млн. теңгеден астам қаржыға Дербісәлі Беркімбаев, Тілеу батыр, Қабақ батыр, Алмас-Алмат, Досжан хазірет, Бекежан Сүлейменов, Рабиға Сыздыкова сынды тұлғалар мен ауған соғысы ардагерлері атына дерісханалар жабдықталды. Бұл арада ата-бабаларымыздың есімін жастарға насихаттап жүрген, жаны жомарт меценат азаматтарға алғысымыз шексіз.

«Жұбановтану», «Абайтану және ұлттық руханият» және т.б. ғылыми орталықтар мен зертханаларда да рухани жаңғыру бағытында ауқымды жұмыстар жасалып жатыр. «Жұбанов кітапханасы» сериясымен жарияланған ғалымдарымыздың 20-дан астам монографиясы етене еңбектің нәтижесі. Биыл Абайдың 175 жылдығы, Құдайберген Жұбановтың 120 жылдығы және университеттің 85 жылдығы аясында «Жұбановтан — Абайға» экспедициясын ұйымдастырдық. Кезінде осы оқу орнының басшысы Мұхтар Арынның бастап кеткен игілігі ісі жалғасын тауып Ақтөбе, Нұр-Сұлтан, Павлодар, Баянауыл, Семей, Жидебай, Қарағанды, Қарқаралы бағыты бойынша жасалған ғылыми-интеллектуалдық экспедиция рухани олжамен оралды.

Сапасыз білім — сапасыз маман

Ағымдағы жылды университетте «Сапа жылы» деп жариялап, еңбегімізге екпін салуымыз — уақыт талабы. Жоғарыда да айттық, сапасыз маманның еш жерге қажеті жоқ. Өз мамандығын әу бастан дұрыс таңдамаған түлек — әлсіз студент, ал әлсіз студент — сапасыз маман. Ол, біріншіден, жұмысқа тұра алмайды. Жұмысқа тұрса да жұмыс берушінің көңілінен шықпайды. Бұл көрсеткіштер, яғни, жұмысқа тұру, жұмыс берушінің пікірі — бүгінде университеттің рейтингіні анықтайтын негізгі параметрлерге айналды. Демек, біз екі мәселеге басты назар аударуымыз керек. Сапалы білім беретін профессорлық-оқытушылар құрамына және сапалы студентке.

2016-17 оқу жылы материалдық базаны нығайту жылы ретінде өтті, ал осы жылы сапа мәселесін қолға алдық. Алдымен профессорлық-оқытушылық құрамның қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы ереже қабылданды. Бұдан былай қосымша төлемақы осы рейтингтік көрсеткішке байланысты болады. Профессордың немесе доценттің бәрі бірдей, біркелкі қосым-

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ — АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

ша төлемақы алатын бұрынғы жүйені тоқтату керек. Жақсы, нәтижелі жұмыс істейтін жас магистр жылына бірде бір мақала жазбайтын, оқу құралын шығармайтын, құрасторлық жұмысқа жегілмейтін профессор не доценттен көп, қосымша төлемақы алуы мүмкін. Осындай ұстаныммен рейтингі төмен оқытушылар ысырылып, жаңа мамандар жұмысқа қабылданады.

Студенттердің сапасын жақсарту жолында, жаңа нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес ЖОО-ның Академиялық саясаты жаңартылды, сапа келіпдігінің саясаты анықталды және жарияланды, оқу жылына арналған сапа мониторингінің кешенді жоспары жасалды, курстан курсқа көшірудің GPA өтпелі балл көрсеткіші жоғарылатылды. Сонымен қатар студенттер арасында жауапкершілік деңгейін арттыру үшін оқыту және қорытынды бақылау процестері бөлінді. Жалпы білім беру пәндері бойынша аралық аттестаттау және Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша мемлекеттік емтихан енді компьютерлік тәсілдеу түрінде өткізілетін, ал базалық және бейінді пәндер циклерінің емтихандары жазбаша түрде қабылдандырылды.

Тағы бір назар аударатын мәселе — өндіріспен байланыс. 2019-2023 жылдарға арналған модульдік білім беру бағдарламалары мен 2-4 курстардың модульдік оқу жоспарлары Ақтөбе өңірінің кәсіпорындары мен ұйымдарының 138 өкілдерінің қатысуымен әзірленген және олардың ұсыныстары бойынша 400-ге жуық пән оқытылады.

Университетте 30 мамандықтың білім беру бағдарламаларына 57 траектория енгізілген. Бұл — бір диплом алу аясында маманды жан-жақты даярлау. Сондай-ақ, қазіргі уақытта білім берудің жаңартылған мазмұны аясында қажетті полиглот мамандар туралы айтсақ, «Білім беру» бағытындағы 7 мамандық студенттері көптілі білім беру жүйесі бойынша білім алуда. 9 білім бағдарламасы бойынша университетішілік қос дипломды білім беру бағдарламалары әзірленіп, бұл бойынша 20 студент оқып жатыр.

Биыл университетте «Кәсіби даму және мансап орталығы» жұмысын бастады. Мұндай орталықтар еліміздің бес университетінде құрылды. Бүгінгі таңда университет 230 өндірістік нысандармен, әртүрлі меншік нысанындағы мекемелермен және оқу орындарымен келісімшарттар жасасты. Білім беру ұйымдары мен кәсіпорындар базасында кафедралардың 82 филиалы құрылды. 35 мамандықтың 114 пәні бойынша дуалды оқыту элементтері енгізілген. Практикаға бағытталған оқыту мақсатында дуалды оқыту элементтері бар пәндер бойынша тәжірибелік және зертхана-

лық сабақтар кафедра филиалдары мен практика базаларында өткізіледі.

Университет екінші жылы вендорларды (WorldSkills) тарта отырып, жұмысшы мамандықтары бойынша біліктілік беру арқылы студенттерді кәсіптік сертификаттауды жүзеге асырады. 2 жыл ішінде жүзден астам студент 9 жұмысшы мамандығы бойынша сертификат алды.

2019-20 оқу жылының 1-2 курстарында педагогикалық практиканы оқу процесінен тыс өткізу жоспарланып отыр. Өндірістік тәжірибеден өту үшін 8 мамандық студенттеріне ірі компаниялар есебінен жалақы төленеді. Сондай-ақ, бұл кәсіпорындар алдағы уақытта осы мамандарды жұмысқа орналастыруға дайын. Сапа жылының нәтижелері осындай.

Оқытушыға сыйлық ала жүгіретін студент те жазаланады

Жемқорлықпен жаппай күреспесе, тамыр жайып кеткен бұл індетті жою қиын. Сананы тәрбиелемей, салдармен күресу — бос әурешілік. Әсіресе, әке-шешесінің қасынан енді ғана жырақтаған жастарға жемқорлықтың індетін жұқтырмауымыз керек. «Жұбанов университетінің оқытушылары паралады екен» деп әлеуметтік желіде айтылып жатса, маған да, әріптестеріме де, студенттерімізге де жағымсыз. Мешкейлік жақсы ат емес. Бір қарын майды бір құмалақ шіріте алады. Сондықтан жемқорлық деген індеттен алшақ болу үшін студентпен де, оқытушылармен де жүзеге асырылуы керек. Бұл тұрғыда бізбен бірлесіп жұмыс жасап жатқан ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің жұмысына ерекше лебізімді білдіргім келеді.

Жуырда екі мекеменің арасында «Ақтөбе облысы жоғары оқу орындарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы хартиясына» қол қойылып, қарапайым түсіндіру жұмысынан бастап, анкеталық сұрақтар арқылы індет көзін анықтау, тағы басқа түрлі іс-шаралар ұдайы өткізіліп келеді. Университетте республикалық «Саналы ұрпақ» жобасы жүзеге асырылуда. Тәртіптік-сыбайлас жемқорлыққа қарсы қимылдар кеңесі жұмыс жасайды. Әр оқу жылының академиялық кезеңдерінде сапа мониторингі бөлімі тарапынан студенттер арасында жемқорлық фактілерінің орын алмауын қадағалау мақсатында «Оқытушы студент көзімен», «Білім беру сапасы», «Таза сессия» жасырын сауалнамалары жүргізіледі. Жемқорлыққа байланысты есімдері

бірнеше рет қайталанатын оқытушылардың мәселесі кеңесте қаралып жатыр.

Емтихан кезінде «Біз таза сессияны қолдаймыз» акциясы аясында call-center жұмыс жасайды, мұнда сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша хабарламалар қабылданады.

Университет толықтай бейнебақылаумен жабдықталған, оның көмегімен пәндерді оқыту сапасы мен емтихан тапсыру бақыланады. Бүгінде «Академиялық адалдық» лигасына кіруге дайынбыз.

Жемқорлық сабағын оқымайтын студентке көп қатысты. Алты ай сабағына бармай, емтихан кезінде оқытушыға сыйлық ала жүгіретін студент те қатаң жазаланады.

Шетелде «Qazaq eli» орталықтары ашылды

Ішкі академиялық ұтқырлықпен қатар халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қарқынды дамытып жатырмыз. Әлемнің 24 еліндегі 127 жетекші университеттен тығыз байланыс орнатылды. Жоғары оқу орнының білім беру бағдарламаларын салыстыру негізінде академиялық ұтқырлық Қытай, Ресей, Польша, Түркия, Латвия және Қырғызстанның жетекші университеттерімен жүзеге асырылады. Мысалы, 2016-2017 оқу жылында академиялық ұтқырлық бойынша шетелдік ЖОО-ларда 42 студент білім алса, ал 2017-2018 жылы — 133 студент, биыл тағы 109 студент білім алды. 2018 жылы Польшадағы Быдгощ университетінде, 2019 жылы Түркияның Кастамону университетінде қазақ тілі мен мәдениетінің «Qazaq eli» орталықтары ашылды. Польшалық әріптестермен байланысты одан әрі нығайту мақсатында осы оқу жылында университет жанынан поляк тілі мен мәдениеті орталығын аштық.

Әлеуметтік қорғау жобаларымыз

Биылғы Жастар жылында жастарды әлеуметтік қорғауға баса назар аударып отырмыз. Осы мақсатта біраз жобалар іске асырылуда. Университетте оқу ақысына жеңілдіктер беру ережесі бекітілген. Мысалы, жетім балалардың оқу ақысына 100%, көп балалы отбасынан шыққан, үздік оқитын студенттерге 50% жеңілдік беріледі. Сонымен қатар оқуда, спортта немесе шығармашылықта жетістіктері бар талапкерлер мен білім алушылар «Қ.Жұбанов атындағы білім гранты мен стипендиясына» үміткер бола алады. 200-ге жуық студенттерімізге өңір демеушілері мен

кәсіпорындары қаржылай қолдау көрсетуде.

Бүгінгі таңда ЖОО-да «Жұбанов жылы» және «Үмітің үзілмесін», «INVO» International Volunteer Organization сынды еріктілер топтары жұмыс істейді. Топтар қаржылық қолдаумен қатар, студенттер мен педагогтарға моральдық қолдау көрсетеді. Сондай-ақ, биыл 450 студент құрылыс жасақтарының құрамына енді. Жыл сайын талапты да талантты студенттеріміз «Жасыл ел» көгалдандыру отрядтарының жұмысына қатыстырылып, қаражат табады. Сондай-ақ олар «Жасыл желекті Жұбанов» жаңа жобасына да белсене ат салысады.

«Жәдігер жерде қалмасын» акциясын өткізу дәстүрге айналды, мақсаты — мәдени-тарихи құндылықтарды насихаттау. Аталмыш акция аясында университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері мұражай қорын әр түрлі тарихи жәдігерлермен толықтырады. Бұл да музейге деген ұжымның әлеуметтік көмегі.

Жаңа оқу жылы — Ғылым мен инновация жылы

Алдағы жаңа оқу жылын Ғылым мен инновация жылы ретінде жариялайтын боламыз. Жыл бойына профессорлық-оқытушылық құрамының талапқа сай біліктілігін көтеру және жас ғалымдарды университетке тарту жұмыстары жүзеге асатын болады. Инновациялық технологиялар парк лабораториялармен жабдықтауды жалғастыру, университеттегі ғылыми мектептердің жұмысын түрлі өндіріс орындарымен байланыстыру, ғылыми жобаларға университетішілік гранттар тағайындау (әр бағыт бойынша бір немесе екі жоба), шетелдік жоғары оқу орындарымен біріккен жобаларға қатысу, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әдеби өлкетану, тарихи өлкетану бағыттарын жалғастыру. (Мыс: «Ақтөбе ақтангерлері» жинағын шығару, археологиялық лаборатория ашу, Орынбордың мұрағат қорымен ынтымақтастықты күшейту). Университет ғалымдары аталған жұмыстарды бастап та кетті, жоба аясында жинақталған құжаттар мен мәліметтер Ақтөбе облысының тарихы бойынша цифрлы деректер базасын құру кезінде ескерілетін болады. Сонымен қатар, университетте «Bastau.kz» студенттер медиаорталығын ашу да жоспарлануда.

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, Smart-университет құру идеясын жүзеге асыруға мүмкіндігі бар жоғары оқу орындары барынша бәсекеге қабілетті болады. Қазіргі таңда Қ.Жұбанов атындағы АӘМУ классикалық университет моделінен Smart-университет моделіне көшуді жүзеге асыруда. Бүгінде «Темірқазық» студенттерге қызмет көрсету орталығы, «Ситуациялық орталық», «ИРБИС» электронды кітапханасы, science.arsu.kz мәліметтер базасы және виртуалды мұражай университеттің smart-ортасын құрайды.

Education by history

дарға арналған асханалар ашу, оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге бар күштерін жұмылдырды.

Жалпы, Қазақ республикасындағы аштықты жұмыла ауыздықтауды ең алғаш болып көтерген Семей мен Ақмола губернияларынан малдай жылу жиналып, ашыққан губернияларға жіберілді.

1921-1922 жж. қазақ жеріндегі аштықты ауыздықтауға көмек қолын созған шетелдік қайырымдылық ұйымдары. Кеңестік жүйенің сол кездердегі капиталистік елдерге деген күдікті саясатына, көзқарасына қарамастан бұл ұйымдар КСРО құрамындағы аштықтарды губерниялардағы мыңдаған халыққа азық-түлікті, киім-кешектей, дәрі-дәрмектей көмек беріп, аштық ажалынан аман алып қалды.

1921-1922 жылдардағы ашаршылық нәубеті 30-жылдары жалғасын тапты. Ел басына түскен небір зұлматтардың ішінде орны толмас өкініш, азалы да қаралы кезең, қасіретті апат ретінде 1931-1933 жылдардағы ашаршылық нәубеті бөрінен де асып түскені сөзсіз. Бұл жеке адамның, отбасының емес, бүкіл халық басына келген алапат апат болды. Алайда сол кездерде шыққан баспасөзді қарап көрсеніз, бұл зұлмат туралы бірде-бір сөз таппайсыз. Керісінше, жалаң ұрандар, жалынды сөздермен аштықтың қасіретін өзге көздерден жасырып қалуға тырысты.

1931-1933 жылдары болған ашаршылықтың

шығуына 20-шы жылдары жүргізілген тәркілеу, ұжымдастыру, колхоздестыру сияқты үкіметтің науқандары тікелей әсер етті. 1991 жылдың қараша айында 1931-1933 жылдардағы күштеп ұжымдастыру мен аштық жағдайын зерттеу жөнінде комиссия құрылып, оның құрамына бірқатар халық депутаттары, кейбір комитеттердің төрағалары, белгілі тарихшылар, заңгерлер мен демографтар, саясаткерлер, министрліктер мен ведомстволардың басшылары, сондай-ақ, баспасөз органдарының басшылары және қоғам қайраткерлері енгізілген еді.

Комиссияның қорытындысы 1992 жылы «Казахстанская правда» (21 желтоқсанда) мен «Егемен Қазақстан» (23 желтоқсан) газеттерінде жарияланып, 1931-1933 жылдардағы аштықтың шығуына себеп болған кеңестік жүйенің ұрда жық саясаты, байлар мен ауқатты шаруаларды тәркілеу барысындағы зорлық-зомбылық, отырықшыландыру кезіндегі шамадан тыс күштеу, заңсыздыққа қарсы шыққандарды қуғындау екендігі көрсетілді.




1931-1933 жылдардағы ашаршылық 1921-1922 жылдардағы зұлматтан да сорақы болды. Бүкіл Қазақстан территориясын қамтыған бұл нәубеттен халық қырылып, тірі қалғандар басты. Жұқпалы ауруларды қабылдайтын дәрігерлік пункттер жетіспеді, адам өтімен қоректеніп келгендер республиканың барлық өңірінде байқалды. Бірақ үкімет бұған аса назар аудармады. Ұлт зиялыларының арыз-шағымы

мүлдем еленбеді. Халық бір мезгілде малынан да, астығынан да айырылды.

Қазақстанда болған ашаршылықтар біріншіден, республиканың демографиялық өсуіне үлкен зиянын тигізді. Аштықтан қырылғандардың саны есепсіз болды. Осы күнге дейін нақты аштықтан, жұқпалы аурулардан қырылғандардың санын нақтылай алмай отырмыз. Себебі ғалымдар зерттеу барысында түрлі пікірлер айтады. Сондықтан бұл мәселені жіті зерттеу аса маңызды. Екіншіден, жергілікті тұрғындардың Батыс Еуропаға, Сібір мен Батыс Қытайға қарай, Қазақстанның қалың шаруашылығының, соның ішінде мал шаруашылығының құлдырауына әкеліп соқты.

Бұл аштықтардан қазақта тұтастай отбасы қырылғандар, отыны өшкен, шаңырағы ортасына түскендер қаншама? Ата-анасынан, бауыры, туысынан айырылмай қалғандар жоқ-ау... Бас аман-дығын сақтап, қаңғып, босып кеткендер ата мекеніне орала алды ма екен?! Бұл әлі жауабы жоқ сұрақ.

Светлана Смағұлова, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы. Алматы



Тарихпен тәрбие

Ашаршылық – қазақ тарихындағы ең қасіретті нәубет. АХХ ғасырда қазақ жерінде үш ірі ашаршылық болған. Нақтылай айтсақ, 1916-1918, 1921-22, 1931-33 жылдары болған ашаршылықтардан халқымыз үлкен зардап шеккен екен. Ашаршылықтың туындауына екі себеп сәйкес келеді. Оның бірі – табиғи апаттан (қауңшылықтан шөптің күйіп кетуі, қыс кезіндегі қиындықтардан астықтың шықпай қалуы және т.б.) туындаған жұттан малдың қырылуы ел арасында астықтың өршуіне алып келсе, екіншісі – екі апат тұсындағы өлкені билеуші үкіметтің солақай саясатының салдары.

1916-1918 жылдардағы ашаршылыққа елде болған ұлт-азаттық көтеріліс тұсында егіннің салынбауы, салынған егіннің жиналмай қалуы, қазақ малдарын патша үкіметінің бірінші дүниежүзілік соғыс есебіне алуы, қараусыз қалуынан қырылуы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 ж. төңкеріс кезі себеп болды. Осы жылдардағы аштық халқымызды әлеуметтік және экономикалық жағынан тұралатып тастады. Аштық 1917 жылы қатты білінді. Қысы аязды, ал көктемі мен жазы жаңбырсыз болуы бұрындары болмаған қуаншылыққа алып келді. Ашаршылықтың аса қатты белең алған жері Оңтүстік Қазақстан мен Түркістан өлкесі болды. Аштыққа Түркістанның барлық көшпелі және жартылай көшпелі аудандары толықтай, отырықшы аудандарының едәуірі ілініп, елдің жағдайы ауырлай түсті. Әсіресе Сырдария, Жетісу облыстарында ашыққан ауылдардың саны артты. Осы кездегі аштықты М. Дулатов «Аққол» газетіне жариялаған мақаласында: «17-18 жылдарда Түркістанда ашаршылық болып, жұрт малынан айырылып, адамы босып, Сырдария қазақтары шыбындай қырылды. Бала-шағаларын, қатын-қыздарын сатты», деп жазды. ал Т. Рысқұлов «Социалды Қазақстан» газетінде Түркістанда жайлаған аштық турасында: «1916-1918 жылдарда Түркістанда құрғақшылық қатты болып, егін шақпай қалды. 1916 жылы дәл егін орағы кезінде басталған жергілікті елдің көтерілістері жазалаушы отрядтардың елді қырып, шаруашылықты жайлап бүлдірген әрекеттері, ұлт-тап күресінің бұрынғыдан да әрі шиеленісуі жалпы шаруашылық жөніндегі қиыншылықты оған сайын асқындырды. Осылардың салдарынан өлкедегі шаруашылық шайқалып, қүй-



ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ҮШ ІРІ АШАРШЫЛЫҚ

зәліп кетті. Керек-жарақ бағасы 3-4 есе қымбаттады. Түркістан бұрын болып көрмеген адам айтқысыз үлкен ашаршылықтың құшағына кіруге айналды. Ашаршылыққа Түркістанның барлық көшпелі және жартылай көшпелі аудандары түгелімен, отырықшы аудандарының едәуірі ілінді. Ашыққан қазақ пен қырғыз топ-тобымен шұбырып қалаларға, селендерге қарай ауа бастады», – деп жазды.

Оңтүстік өңірде аштыққа Әулиеата уезінің көшпелі халқы қатты ұшырады. Астық нарқы сұрапыл қымбаттап, 1916-1917 жылдары бір пұт астықтың бағасы 2 сом 50 тиыннан 81 сомға дейін бір-ақ көтерілді. Сонымен қатар уезде сүзек, іш аурулары, тырысқақ, құрқұлақ, оба аурулары тез тарап, жергілікті халық аштық пен аурудың құрбанына айналды. Мал шаруасы да күйзелді. Аш-жалаңаштан, індеттен қырылған адамдардың саны күннен-күнге көбейіп, өліктері далада шашылып қалды.

Қазақстандағы 1921-1922 жылдар аралығында болған ашаршылық та елдің жағдайына қатты әсерін тигізді. XX ғ. 20-жылдарының басында Қазақстанның ауылшаруашылығы аса күрделі жағдайда болды. Бұған республикада болған Азамат соғысы өз ізін қалдырды. Халықтың шаруашылығын әскери жағдайға бейімдеу мен азық-түлік салғырты халықты өбден титықтатты. 1918-1919 жылдары республика территориясының кейбір уездері мен болыстары біресе «ақтардың», біресе «қызылдардың» қолына көшуі себепінен 1920 жылы егістік пен шабындық алқабын азайтып жіберген болатын. Оның үстіне ауыл шаруаларының егістікті өңдейтін құрал-саймандарының болмауы дер кезінде егін егуді кешеуілдетті. Мал шаруасы да күйзелді. Большевиктерден қашып бара жатқан ақ әскерлері мыңдаған малды айдап әкетті немесе қырып тастады.

Қазақстанмен шекара-

1921 жылдың қысының ұзаққа созылуы, қарлы боран, жаңбыр жауып, жердің көк мұз болып қатуы, ел ішіндегі соғысқа байланысты мал азығын қажетінше жинап үлгермеген шаруаға ауыр тиді. Жем-шөп қорының жетіспеуі мал басының түгелдей қырылып қалу қаупін туғызды. Қарсыз қыстың соңы жаңбырсыз қуаңшылыққа алып келді. Қаһарлы қыста бар ма-

лас Қытайға қарай өткен қазақтар одан әрі ішкерілей Моңғолия, Түркия, Ауған елдеріне шұбырды. Қазақтар өзі аштық тырнағына ілігіп, губерния-губернияларды кезіп кеткен кезде Волга бойындағы ашыққан шаруалар керісінше Орынбор мен Түркістанға қарай жосыды. Бұл жайт тапшылыққа ұшырап отырған Қазақ республикасының жағдайынан одан сайын ауырлата түсті. Аштықтың жүре алмай қалғандар жол бойында сұлап жатты. Әлсіздердің арасына сүзек, оба, тырысқақ, құрқұлақ, безгек сияқты жұқпалы аурулар тез тарап, өлім көбейді. Аштардың арасында тасталынған өлекселерге таласып, төбелесіп жатуы қала көшелерінде жиі байқалды. Сонымен қатар Қостанай губерниясында өлген адамды жеу фактісі де анықталды. Аштықтың әсері өлексе, адам етін

лынан айырылған кедей шаруаның егін егуге шамасы жетпеді. Алыпсатарлық күшейді. Әсіресе нан саудасы алыпсатарлардың негізгі баю көзіне айналды. Көктем кезінде салынған егіске өнімнің шықпауы да диқаншылықпен айналысқандарды өбден күйзелтіп, сергелденуге салды. Орынбор, Бөкей, Ақтөбе, Орал және Қостанай губернияларындағы 11 30 000 десятина егістік жердің 700 000 десятинасына егін шықпаған, яғни 60%-дан жоғары алқап жаңбырдың болмауынан күйіп кетті. Сөйтіп аталған губерниялар астықсыз қалды. Осы губерниялардың ішінде Ақтөбе губерниясының жағдайы нашарлап, аштардың қатары күннен-күнге көбейе түсті.

1921-1922 жж. аштық Қазақстанның Орынбор, Ақтөбе, Орал, Қостанай, Бөкей губерниялары мен Адай уезін шарпып, халықтың үштен бір бөлігі қырығна ұшырап, ашыққандар тамақ іздеп, шет жаққа қарай басты.

Айдың айшықты жаңалықтары



ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ РЕСМИ АШЫЛУЫ

Жұбанов университетінің қабылдау комиссиясы өз жұмысын бастады. Оның ресми ашылуына білім мекемесінің лауазымды өкілдері арнайы қатысып, талапкерлерді алда күтіп тұрған жаңа өмір сатысымен құттықтады. Мамандар құжат тапсыру ретімен таныстырды. Басты жаңалық, университетке құжат алғаш рет онлайн жүйесінде де қабылданады. Талапкерлерге арнаған сөзінде университеттің стратегиялық даму жұмыстары жөніндегі проректоры Қуанышбек Шүңкеев оқу орнының тарихы және қазіргі жетістіктері мен артықшылықтары жайлы айтты. Соның дәстүрлі қызыл лентаны ректорат аппаратының басшысы Гафур Борамбаевпен бірге қылып, талапкерлерге ақ жол тілеп, сыйлықтар тапсырды. Бүгінде Жұбанов университетінде 13 мыңнан астам студент оқиды.

Оқу орны биыл бакалавр бойынша 59 мамандыққа, магистратура бойынша 30 мамандыққа, PhD докторантура бойынша 6 мамандыққа талапкерлерді қабылдауға дайын.

Шараға қатысқан талапкердің бірі Алтынгүл Қазиханова Жұбанов университетін таңдағанын ай-

Главные новости месяца

тып, болашақта осы оқу орнында оқытушы болып қызмет істегісі келетін арманымен бөлісті.

Жаңа оқу жылында университет студенттерінің қатары 16 мыңнан асуы мүмкін деп болжануда. Себебі, соңғы жылдары жасалған батыл қадамдар жемісін беріп, Жұбанов университетінің шын мәнінде рейтингі күрт жоғарылап, еліміздегі ТОП университеттер тобының алдыңғы төрттігіне енді.

ОФИЦИАЛЬНОЕ ОТКРЫТИЕ ПРИЕМНОЙ КОМИССИИ

Приемная комиссия университета Жубанова начала свою работу. В официальном открытии приняли участие руководство ВУЗа, которые поздравили абитуриентов с новым этапом в жизни. Специалисты ознакомили с правилами сдачи документов. Главной новостью стал онлайн-приём документов для поступающих в АРГУ. Об истории и достижениях университета рассказал проректор по стратегическому развитию Куанышбек Шункеев. Мероприятие продолжилось традиционным перерезанием красной ленты. Совместно с руководителем аппарата ректората Гафуром Борамбаевым. Абитуриентам были розданы подарки. Отметим, на сегодня в ВУЗе получают знание 13 тысяч студентов.

САМҒАҰЫ БИИҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖ

Өткен жылы құрылған Жұбанов университетінің Жоғары колледж бірінші оқу жылын аяқтады. Осыған байланысты олар екі күнді қамтыған 4 ауқымды шара өткізіп, колледждің тұсаукесерін қала көлемінде атап өтті. Жоғары колледж ұжымын құтықтауға қаладағы білім саласының, жастар ұжымдарының, серіктес білім беру мекемелерінің басшылары мен өкілдері қатысып, ескерткіш сыйлықтар тарту етті. Жоғары колледж тұсаукесерінде сөз сөйлеген ректор Бауыржан Ердембеков бұл оқу орнын ашарда ішкі толқыныстардың болғанын, соған қарамастан батыл қадам жасалып, Жоғары колледж 12 мамандық бойынша 400-ге тарта студентті оқытып шыққанын, аз уақыт ішінде лайықты абайроға кенеліп отырғанын айтты. Ректор Жоғары колледждің 5 студентін Алғыс хатпен марапаттап, колледж жылдыздары: спортшылар Нұрсұлтан Жұмағалиев пен Малика Жұмабекке Қ.Жұбанов атындағы білім гранты айғақтайтын сертификат табыстады.

Жергілікті кәсіпкерлер мен меценаттар 8 студентке жаңа оқу жылында тегін оқу сертификатын, 10 студентке бір айлық шәкіртақы сертификатын сыйлады.

Айта кетсек, биыл Жоғары колледж тағы қосымша 10 мамандық бойынша құжат қабылдауда.

Жоғары колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бибігүл Ақжігітованың айтуынша жас оқу орнының самғау биіктері алда мол

болмақ. «30 оқытушы-қызметкер білім алушыларға жоғары деңгейде оқу-тәрбие беруде зор еңбек етуде. Мақсатымыз – қаладағы үздік колледждер қатарынан орын алу, оған мүмкіндігіміз бар екенін тұсаукесер шарасында байқадық. Шараның құрметті қонақтары алғашқы жылда ғана жеткен табыстарымызға қызығып кетті. Колледж студенттері қолынан шыққан бұйымдардан көрме де ұйымдастырдық. Оқу орнымыздың болашақтағы мәктетін де назарға ұсындық. Еңбегіміздің жемісін көру – алдағы міндеттерімізге стимул», – деді ол.

ДОСТИЖЕНИЯ ВЫСШЕГО КОЛЛЕДЖА

Открытый в прошлом году Высший колледж университета Жубанова завершил первый учебный год. В связи с чем была проведена презентация, которая объединила 4 мероприятия городского масштаба. Поздравить коллектив учебного заведения на торжество пришли руководители образовательных учреждений, молодеж- ные организации, официальных партнеров, подарив памятные подарки. В своей приветственной речи ректор Бауыржан Ердембеков отметил, что перед стартом проекта было некое волнение. Несмотря на это Высший колледж распахнул свои двери. По 12-ти специальностям на сегодня завершил первый курс более 400 учащихся. Мероприятие продолжилось чествованием лучших. Ректор наградил 5-ть студентов Высшего колледжа Благодарственным письмом, звёз-

дам колледжа, спортсменам Нұрсұлтан Жұмағалиеву и Малике Жұмабек были вручены сертификаты о присуждении гранта имени Жубанова. Индивидуальные предприниматели и меценаты 8-м учащимся вручили сертификаты на бесплатное обучение, ещё 10 стали обладателями сертификатов на одновременную стипендию. Отметим, в этом году Высший колледж ведёт набор еще по 10 специальностям.

По мнению заместителя директора по воспитательной работе Высшего колледжа Бибигүл Ақжігітовны, перед учебным заведением стоит много задач. «30 преподавателей обучают наших учащихся на высоком уровне, уделяя внимание воспитанию. Цель – стать лидером среди колледжей города. Этому есть все предпосылки. Приглашённые гости мероприятия были рады нашим успехам. Организовали выставку изданий учащихся. Представили и макет будущего колледжа. Такие достижения – стимул для новых начинаний», – говорит она.

HIGH COLLEGE ACHIEVEMENTS

The Higher College of Zhubanov University, opened last year, completed the first academic year. In this connection, was held a presentation, which combined 4 events of a city scale. The heads of educational institutions, youth organizations, and official partners came to congratulate the team of the educational institution, presenting memorable gifts. In his welcoming speech, the rector

Top news of the month

В этом году ВУЗ готов принять абитуриентов по 59 специальностям бакалавриата, 30 специальностям магистратуры, 6 специальностям PhD докторантуры.

Принявшая участие в мероприятии, абитуриент Алтынгүл Казиханова поделилась с собравшимися, что выбрала для получения профессии именно университет Жубанова и в будущем мечтает здесь преподавать.

По прогнозам, в новом учебном году начнут получать знания более 16 тысяч студентов. Такой интерес связан с высоким рейтингом университета среди мировых ВУЗов и вхождением в четверку ТОП-лидеров по Казахстану.

THE OFFICIAL OPENING OF THE SELECTION COMMITTEE

The Admissions Office of Zhubanov University began its work. The official opening was attended by the leadership of the university and congratulated applicants with a new stage of life pits. Experts familiarized with the rules of delivery of documents. The main news was the online reception of documents for those entering ARSU. The vice-rector for strategic development Kuanyshbek Shunkayev spoke about the history and achievements of the university. The event continued with the traditional cutting of the red ribbon. Together with the head of the administration Gafor Borambaev. To the applicants were given presents. It should be noted that today 13 thousand students receive knowledge in the university. This year, the university is ready to accept applicants for 59 undergraduate majors, 30 graduate majors, 6 PhD doctoral majors. The entrant Altynkul Kazikhanova, who took part in the event, shared with the audience that she chose Zhubanov University for the profession and wants to teach here in the future. According to forecasts, in the new academic year more than 16 thousand students will begin to receive knowledge. High interest is associated with the university's high rating among world universities and joining the top four leaders in Kazakhstan.

Yerdembekov noted that before the start of the project there was some kind of excitement. Despite this, Higher College opened its doors. In 12 specialties, more than 400 students have completed the first course today. The event continued with the celebration of the best. The rector awarded 5 students of the Higher College with a letter of thanks, college stars, athletes Nursultan Zhumagaliyev and Malik Zhumabek were awarded certificates of awarding the Zhubanov grant. Individual entrepreneurs and philanthropists were awarded to 8th students certificates for free education, 10 more became holders of certificates for a one-time scholarship.

This year, the Higher College is recruiting in 10 more specialties.

According to the deputy director for educational work of the Higher College Bibigul Akzhigitovny, the educational institution has many tasks. «30 teachers teach our students on a high level, paying attention to education. The goal is to become a leader among the colleges of the city. This has all the prerequisites. Invited guests of the event were pleased with our success. Also was organized an exhibition of student products. The layout of the future college was presented. Such achievements are an incentive for new beginnings», said she.

Айдың айшықты жаңалықтарын дайындаған Айерке Сұлтанбекова
Главные новости месяца подготовила Айерке Сұлтанбекова
The main news of the month was prepared by Ayerke Sultanbekova

☑ Кәсіби бағдар ☑ Профессиональная ориентация ☑ Professional orientation

«Барлық қабілеттердің ішінде ең қиыны және ең сирек кездесетіні — бұл басқару өнері» деп айтатын көне көздер. Осыған орай, адамдарды жай ғана басқару емес, басшының қарамағындағы адамдардың қарсылық білдірмейтіндей, онымен сөзсіз келісетіндей етіп басқару — одан да қиын өнер болып табылады. Қазіргі таңда ғалымдар мен саясаткерлер ежелгі басқару қағидаларының шешу жолдарын әлі де іздегізуде. Кезінде XVII ғасырда өмір сүрген шотландық экономист және философ-этик Адам Смит былай деген екен: «Менеджментті тағылық (варварлық) қатынастардың ең төменгі басқарушынан ауқатты тұрмыстың ең жоғарғы сатысына көтеру үшін небәрі бейбіт өмір, жеңіл салық және ел басқару саласына тән сабырлылық керек; қалған қажеттіліктің бәрі табиғи даму жағдайына байланысты өзінен-өзі келе береді». Қазіргі тарихи шындық осы ғалымның ғұламалық пікірін растап отыр. Әрине, адамдарды басқару оңай дүние емес, бұл ұйымдағы қызметкерлер құрамын басқаруға да қатысы бар.

Экономиканың нарықтық қатынастарға көшуіне байланысты жаңа типті басқару мамандарын даярлау және олардың жаңаша ойлау қабілеттерін қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Осы тұрғыдан алғанда, мамандарды кәсіби тұрғыдан, әсіресе, мемлекеттік менеджмент саласына лайықты дайындау Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді экономикалық саясатының құрамдас бөлшегі болып табылады. Нарық жағдайында түбегейлі өзгерістерге ұшырайтын кәсіпорындар мен фирмаларды дағдарыстан аман алып шығу — үлкен мәселе болып отыр. Қатаң нарықтық бәсекелестік жағдайында кәсіпорынның өміршеңдігін қамтамасыз ету үшін фирма, ең алдымен оның адамдарын дестүрден тыс, жаңаша басқаруын үйренуі қажет. Бұның өзі нарықтық конъюнктураға бағалауға және болжауға қабілетті жаңа басқарушы менеджерлерді дағдайындау, стандарттық емес басқару шешімдерін қабылдап, оларды іске жүзіне асыратын ұжымдарда жетекшілік етуді, қазіргі заманғы талаптар деңгейінде жаңа типті басшы-менеджерлерді дайындауды талап етеді.

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 мемлекеттің қатарына кіру стратегиясын ұсынған болатын. Бұл мақсатты жүзеге асырудың жолдары «Қазақстан-2050» стратегиясында, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларында нақты көрсетілген еді. Аталмыш құжаттарда Елбасы мемлекеттік менеджерлерді даярлаудың, соның ішінде Қазақстанның сан қырлы саяси және экономикалық әлеуетін жүзеге асыруға қабілетті, жаңа геосаяси жауапкершілікке дайын мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы мамандарды даярлаудың қажеттігін көңіл бөледі. Тұңғыш Президент Н.Назарбаев «100 қадам және бес институционалдық реформа» Ұлт жоспарында мемлекеттік қызметтің кадрлық құрамын жақсартуды кадр іріктеу мен кәсіби даярлау әдістемесін жетілдіру арқылы жүргізілу қажеттігін белгілеп берді. Сонымен қатар, Елба-

сы өткен жылдың 5 қазанында «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа Жолдауында «Сапа» — мемлекеттік қызметші өмірінің жаңа стилі, ал өзін-өзі жетілдіру — оның басты қағидаты болуға тиіс. Жаңа формацияның мемлекеттік қызметшілері мемлекет пен қоғам арасындағы алшақтықты қысқартуға тиіс», — дейді. Осыған байланысты, ЖОО-да білім берудің жаңа сапасын жақсарту қажеттігі туындайды. Адам капиталын дамыту аясында қазіргі жағдайда бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау үшін студенттердің ЖОО қабырғасында алған теориялық білімдерінің жеткіліксіз екендігі белгілі. Сондықтан жас мамандар өндірісте кемінде бірнеше жыл жұмыс жасаулары керек, алайда бұл, көп жағдайларда, мүмкін бола бермейді.

Нарықтық қатынастар дамуының қазіргі сатысында кәсіпорындардың бәрі бірдей студенттерге практикалық дағдыны ұсынуға қызығушылық таныта қоймайды. Көп жағдайда, олар «фирма құпиясы» деген сылтауды айтып құтылады. Біріншіден, студенттерге, тіпті, дипломдық жұмыстарын жазу үшін материалдар бермейді. Екіншіден, білікті маман шығару үшін оқу процесінде студенттер өз мамандықтарына сәйкес жүйелі түрде практикалық дағды алып отырулары керек. Дегенмен, қолданыстағы типтік оқу бағдарламаларында жыл сайынғы студенттердің өндірістік практикалары қамтылмаған. Осының бәрі ЖОО-ның әлемдік стандартқа сай келетін жоғары деңгейдегі мамандарды дайындап шығару үшін мүмкіндіктерін шектейді. Қоғам мен экономиканың барлық саласына жаңа талаптар қойылып отырған тұста кадр даярлаудың бүгінгі деңгейінде бірқатар мәселелер бар: олар жоғары технологиялар мен жаңа техникаларды қолдану талаптарына жауап бермейді, бастамалары ынталандырылмайды және жас мамандарды инновациялық жаңалықтар ашуға итермелемейді. Осыған байланысты студенттердің теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын үйлестіру мәселесі өзекті болып отыр.



ӨҢІРДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КАДРЛАРЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Жоғарыда айтылған мәселелерге байланысты, Қазақстанның жоғары оқу орындары оқу процесін мемлекеттік стандартқа сәйкес қамтамасыз етіп қана қоймай, елдің экономика саласындағы маңызды өзгерістеріне бейім болуы керек, өйткені, олар ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған реформалардың идеологиялық тұстары мен маңызды өзгерістердің кадрлық тұрғыдан қамтамасыз етілуіне жауапты. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының студенттерінің сапалы білім алуға және ғылыми жұмыспен айналысуға қолайлы жағдай жасалынған. Оқу процесін іске асыру үшін инфрақұрылым әрдайым жетілдірілу үстінде. Мониторинг нәтижесінде университеттің қолданыстағы инфрақұрылымының білім алушыларды, оқытушыларды, қызметкерлерді және басқа қызығушылық танытқан тұлғаларды қаншалықты қанағаттандыратыны анықталып отырады. Мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы кадрларды дайындауға арналған қазіргі заманға сай материалды-техникалық базасы бар: арнайы лаборатория мен кабинеттерімен жабдықталған оқу корпусы, 100 орынды оқу залы, электрондық оқу залы бар кітапхана қызмет етеді. Сонымен қатар электрондық каталог, электрондық кітапхана, 180 орынды акт залы, жазу жабдық спорт залы, басқару, медициналық пункт, асханасы бар. Практикалық және

лабораториялық сабақтар, сонымен қатар студенттердің өз бетімен дайындығы оқытудың заманауи техникалық құралдарымен жабдықталған кабинеттерде, интернетке тікелей және ақысыз шығатын интерактивті тақталармен қамтылған және алты компьютерлік кластерде өтеді. Оқу процесінде кредиттік жүйе мен оқытудың белсенді әдістері қолданылады: мультимедиа, интернет, электрондық оқулықтар, электрондық оқу және бақылау бағдарламалары, аудио және бейнематериалдар. 2010 жылдан бастап Қазақстан Республикасының ЖОО-ның электрондық ғылыми және оқыту ресурстарын біріктіретін Республикалық университет аралық электрондық кітапханаға қол жеткізді. (РМЭБ). Студенттер РМЭБ сайтында Қазақстан Республикасының басқа да ЖОО-ның электрондық оқу ресурстарын пайдалана алады. Ағымдағы оқу жылына «Мемлекеттік және жергілікті басқару» және «Маркетинг» мамандықтарына оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қоры - 46281, соның ішінде мемлекеттік тілде - 26719.

Біздің университетте оқытушылар мен білім алушыларға технологиялық қолдау мақсатында «Univer» жүйесіндегі ақпараттық орта қалыптастырылған. Университет қазіргі заманға сай материалды-техникалық базасы бар: арнайы лаборатория мен кабинеттерімен жабдықталған оқу корпусы, 100 орынды оқу залы, электрондық оқу залы бар кітапхана қызмет етеді. Сонымен қатар электрондық каталог, электрондық кітапхана, 180 орынды акт залы, жазу жабдық спорт залы, басқару, медициналық пункт, асханасы бар. Практикалық және

йынша департаментінің қызметкерлері «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша «Мансап» студенттік мемлекеттік қызмет мектебінің түлектерінің дайындығын жоғары бағалап, оларға сертификаттар тапсырды. «Мансап» мемлекеттік қызмет мектебін үздік бітіргендердің қатарында Алматы Серік, Ақтанова Ләура, Абекинов Мақсат және т.б. түлектер бар.

Мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы мамандарға деген жоғары қажеттілікке байланысты университетте «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша бакалавр мен магистрлерді сапалы және жоғары деңгейде дайындайды. Бұл кәсіптің қажет екендігін мемлекеттік аппараттың өсуі мен көптеген саяси партиялардың саына қарап байқауға болады. «Мансап» мемлекеттік қызметтің студенттік мектебі иерархиясындағы

экономика», «Маркетинг», «Қазақстанда агротуризмді ұйымдастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» және т.б. оқулықтары бар.

Бүгінгі таңда студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының академиялық ұтқырлығы аясында алыс және жақын шетел ЖОО-дарымен өзара тиімді ынтымақтастық туралы келісім-шарттар жасалған, олар Теннесси техникалық университеті (АҚШ), Шанхай қаржы және экономика университеті (Қытай), Синьцзян қаржы-экономикалық университеті (Қытай), Лейден университеті (Нидерланды), Халықаралық бизнес мектебі (Монтре қаласы, Швейцария), Балтық халықаралық академиясы (Латвия).

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары университеттегі білікті мамандарды даярлаудың міндетті, ажырамас бөлігі бола отырып, оқу-тәрбие және ғылыми-иннова-

циялық біртұтас процесінің үздіксіз, құрамдас бөлігі болып мемлекеттік органдарда практикадан өте отырып, «мансаптық» сатымен біртіндеп жылжуды жүзеге асырады. Осылайша, төртінші курс студенттері — болашақ мемлекеттік қызметшілер өз бойында білім мен кәсіби дағды қалыптастырып үлгереді.

Мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы мамандарды дайындауда «Мемлекеттік басқару және маркетинг» кафедрасы үлкен рөл атқарады және оқытудың негізгі мақсатын мемлекеттік және жергілікті басқару органдары үшін жоғары білікті мамандар даярлау деп біледі. Кафедраның жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы 18 оқытушыдан тұрады, оның ішінде 1 - ғылым докторы, 2- профессор, 5 - ғылым кандидаты, доценттер, 10 магистр бар. Көптеген жылдардың жұмысы нәтижесінде профессор-оқытушылар құрамы еліміздің барлық жоғары оқу орындарында қолданылып жүрген 20-дан астам оқулықтар мен оқу құралдарын дайындап баспадан шығарды. Олардың ішінде «Экономиканы мемлекеттік реттеу», «Аймақтық экономика және басқару», «Туризм экономикасы», «Туризмдегі маркетинг», «Менеджмент», «Нарықтық экономика негіздері», «Теоретическая экономика», «Жалпы экономикалық теория», «Общая экономическая теория», «Менеджмент негіздері», «Основы менеджмента», «Экономикалық ілімдер тарихы», «Макро-

мандығының 3 курс студенттері қатысып, жүлделі 3-ші орындарға ие болды. 2018 жылы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті — Елбасы қоры өткізген «Жас толқын» Республикалық студенттік олимпиадаға «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының 2 курс және «Маркетинг» мамандығының 3 курс студенттерінен құралған «Phoenix» командасы 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. Олимпиада жыл сайын көктемде Алматы қаласында «Тірегі сендер еліміз» студенттік фестивалінің шеңберінде өткізіледі. Өткен 2017–2018 оқу жылында «Мемлекеттік және жергілікті басқару» және «Маркетинг» мамандығының студенттері «Startup Bolashak — Менің Арманым» республикалық байқауына, «Startup AP-ГУ» университеттік байқауына, «Преподователь - инноватор» сайысына және «Кемел кәсіпкер» байқауына қатысып жүл-

делі орындарға ие болды.

Ұжым алдында тұрған алдығы кезектеп міндеттердің бірі — халықаралық ғылыми-ақпараттық және коммуникациялық кеңістік жүйесіне ену мақсатында халықаралық байланыстарды дамыту. Осы бағытта біздің оқытушылар мен студенттер академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатыса отырып, неғұрлым сапалы білім мен зерттеу бағдарламаларына қол жеткізіп, шет елден жаңа білім қорымен оранда. «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының студенттері, магистранттар және жас оқытушылар әр жылы Еуропа мен Азияның жетекші ЖОО-нда академиялық ұтқырлық аясында оқып келеді.

Оқытушылардың тағылымдамасы, іскерлік сала өкілдерімен кездесулер, бір жағынан, практикалық оқу материалын жинауға жағдай жасаса, екінші жағынан, ғылыми-теориялық кеңестер, ұсыныстар беруге мүмкіндік болып табылды. Тағылымдама материалдары бойынша «Мемлекеттік мекемелердегі персоналды басқару», «Әлеуметтік-салалардағы мемлекеттік реттеу», «Мемлекеттік экономикалық саясаты», «Проблемалық ситуацияларды шешу», «Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау», т.б. пәндерден практикалық тапсырмалар қоры құрылды.

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының студенттері үшін жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беруін әрі қарай жағастыру мақсатында «Болашақ» халықара-

лық бағдарламасының түлектерімен кездесулер ұйымдастырылды. Дәріс оқышлар ретінде «Мемлекеттік басқару және маркетинг» кафедрасының 3 оқытушысы, «Болашақ» бағдарламасының ғылыми төдежібесінен өтті. Дәріскерлер студенттерді бағдарламаның құрылу тарихымен, «Болашақ» халықаралық стипендиясына ие болу үшін байқауға қатысу құжаттарын жинау және тапсыру тәртіптерімен таныстырды. Студенттерге халықаралық бағдарлама түлектерінің табысқа жету тарихы, шетелдердегі білім беру жүйесіндегі трендтер мен тенденциялар, мамандыққа қатысты орын алуы мүмкін тәуекелдер, «Маркетинг» мамандығының бойынша іріктеу кезеңін өту, тұлғаның творчестволық және кәсіби дамуындағы артықшылықтары мен мүмкіндіктері сипатталатын бейнетаспалар көрсетілді.

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша жұмысқа орналасу 85% құрайды. Бұл мамандықтың түлектері еліміздің аймақтық мемлекеттік басқару органдарында және әртүрлі кәсіпкерлік құрылымдар саласында қызмет етеді. Әр жыл сайын кафедра ұжымы «Бос орындар жәрмеңкесін» өткізеді, оған кәсіпорындар мен ұйымдардан мамандар мен басшылар шақырылады. Олар студенттердің түйіндемесі мен жеке мәліметтерін зерттеу нәтижесінде біздің ең жақсы түлектерімізді тандап алады. Түлектердің 20% фирмалардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан өндірістік тәжірибені өту барысында жұмысқа қабылданатыны жақсы

көрсеткіш. «Бос орындар жәрмеңкесі» жұмысқа орналасуға кемеңгі тигізеді және біздің түлектерімізді жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Факультеттің ең үлкен мақтаншысы — біздің түлектеріміз. Ең үздік түлектеріміздің есімдері Ақтөбе облысынан тыс жерлерде де белгілі. «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бар түлектер мемлекеттік, жеке кәсіпорындар мен ұйымдарда да қызмет етеді. Олардың ішінде аудан әкімдері, ұлттық компаниялар, департаменттер басшылары, жеке кәсіпорындар директорлары, ғылым докторлары мен кандидатары бар.

Болашақта еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарға деген тапшылық кәсіпорындарда орын алмауы үшін Ақтөбе облысында жүзеге асырылып жатқан «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасына енген жаңа жобаларға біздің оқу орнымыз ерекше мән береді. Қазіргі уақытта профессор-оқытушылар құрамы нарықтық экономика жағдайында оқытудың жаңа мазмұнына, жоғары білікті маман даярлау нышандары мен әдістеріне де түбегейлі өзгерістер енгізуді үнемі назарында ұстайды.

Аслан Тасмағанбетов, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің экономика және құқық факультетінің деканы

Бауыржан Жүнісов, «Мемлекеттік басқару, қаржы және маркетинг» кафедрасының профессоры

Интерактивті кәсіби-бағдар беру алаңы	
 Илина Жамия Жикбайқызы Бөлім басшысы	 Нисанзов Абылшайр Байзақович Техникалық факультеті
 Шакеева Джамия Тургалевна 87780759933	 Фиманжев Аскарбек Ермекевич 8701-406-67-47
 Сүлейменова Гүлжанат Жолпакалызы 8747 115-22-30	 Бекетова Гүлнар Кунәпшевна 8701-464-63-37
 Тарих факультеті Сүлейменова Гүлжанат Жолпакалызы	 Кәсіби — шығармашылық факультеті Бекмағанбетов Октябр Ақылбаевич
 Педагогика факультеті Исинаева Набат Жасқасұловна	 Шетел тілдері факультеті Сасқина Гүлнар Құттыбайқызы
 Педагогика факультеті Исинаева Набат Жасқасұловна	 Филология факультеті Анарбекова Асылтас Алтынбайқызы
www.arsu.kz Tel.: 56-55-28; 54-39-74	